

Мунара

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РУХАНИ-ТАНЫМДЫҚ ГАЗЕТИ

№19 (73)
 4.10.2022
 СЕЙСЕНБІ



ПАЙҒАМБАР ҚАНДАЙ КӘСІП ИГЕРДІ?



Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) ісі бүтін ғаламға Хақ дінді әкеліп, әлемдерге иман шуағын текті. Қиямет қайымға дейінгі адамзат баласын қара түнектен алып шығатын мәңгілік алауды жаққан Алла елшісі артынан тағылымы мол өнеге қалдырды. Оның сұлу сүннеті асыл дініміздегі қасиетті Құран Кәрімнен кейінгі екінші тұма бастау саналады. Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сүннетінің маңыздылығы соншалықты, ол жөнінде жүздеген том кітаптар жазылған. Осының негізінде шарифатымызда «хадис ілімі» атты іргелі ғылым саласы қалыптасты. Бүгінгі мақаламызда сол хадис ілімі бойынша Пайғамбарымыз қандай кәсіп иесі болған еді деген тақырыпты қаузамақпыз.

(Жалғасы 3-бетте)

ДІН мен ҒЫЛЫМДЫ ТЕҢ ҰСТАҒАН ХАН



Қазақ тарихында Бөкей ордасының ханы болған Жәңгір Бөкейұлының орны бір төбе. Жәңгір ханның дін мен ғылымға бірдей көңіл бөліп қазақ зиялыларының қалыптастырудағы еңбегі орасан. Бір жағынан хан өзі сауатын үнемі арттырып, ғылыми ортамен тығыз байланыс жасаса, екінші жағынан дінге де аса мән беріп қараған. Медресе мен мешіттер тұрғызып Ислам дінінің дамуына көп үлес қосқан. Жәңгір хан жасаған жақсылықтарға жеке тоқталсақ...

Жәңгір хан жастайынан батыс және шығыстық үлгідегі ғылым мен құндылықтарды бойына сіңірді. Осы бағытта заманауи ғылыми жетістіктер мен қоғамдық дамуды қамтамасыз ету үшін батыс құндылықтарын игеруге тырысты. Соның бір қатарын біз ханның оқыған кітаптары мен күнделікті басылымдарынан көре аламыз. Жәңгір ханның батысшыл бастамаларына көбіне орыс тіліндегі әдебиеттердің ықпалы зор. Олар – «Современник», «Отечественные Записки», «Журнал Министерства Народного Просвещения», «Северная пчела», «Посредник», «Земледельческая газета», «Сенатские ведомости» т.б газет журналдар. Осы басылымдар арқылы хан Патшалық Ресейдің тыныс-тіршілігімен ғана емес, әлем жаңалықтарымен де танысып отырған. Аталған басылымдардың бағыты әртүрлі және сол кездегі қоғамның әр саласын дамытуға бағытталған.

(Жалғасы 7-бетте)



Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ,
 ҚМДБ Төрағасы, Бас мүфти

ӨМІР ШАМШЫРАҒЫ

Құрметті жамағат!
 Баршаңызды ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) дүниеге келген айы қасиетті Мәуліт мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Әрбір отбасыға бақ пен береке, игілік пен бірлік тілеймін! Алла Тағала сіз бен бізді өзіне лайықты құл, Пайғамбарымыз Мұхаммедке (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) лайықты үмбет болуды нәсіп етпей! Әмин!
 Мәуліт айы – Алла елшісінің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өнегелі өмірін, сауапқа толы сүннет амалдарын халыққа насихаттаудың, дініміздің асыл құндылықтарын дәріптеудің таптырмас мүмкіндігі. Бұл айда мешіттерде Аллаға мадақ, Пайғамбарымызға салауат айтылып, мәуліт жыры оқылады.
 Мәдениет үйлерінде, республика сарайларында рухани кештер ұйымдастырылады. Рухани басқосударда Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) тағылымға толы өмірі туралы уағыздар айтылып, толғаулар мен термелер орындалады. Тәрбиелік мәні үлкен сахналық қойылымдар көрерменің ізгі ойларға жетелейді. Жыр-дастандар оқылып, Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өмірінен ғибратты мысалдар айтылады. Сайып келгенде, Мәуліт кеші иманымызды күшейтіп, Алла елшісін (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) жақсы көруге, барлық істе оның сүннетіне сай амал етуге үндейді.

Шын мәнінде, оны жақсы көру – кәміл иман белгілерінің бірі. Оның сүннетін өмірлік тірек ету – екі дүние бақытының кілті. Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сөзі – кемелдік баспалдағы. Ал оның сүннет жолымен жүру – рухани өмір шамшырағы.
 Пайғамбарға (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) салауат айту – сауапқа кенелу амалы. Мұсылман, баласы Аллаға мадақ айтумен қатар, Оның Пайғамбарына (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сәлем жолдайды. Алла Тағала Құранда: **«Расында, Алла және Оның періштелері Пайғамбарға салауат айтады. Уа, иман келтіргендер! Сендер де оған салауат айтып, сәлем жолдаңдар»** («Ахзаб» сүресі, 56-аят) деп өмір еткен. Ал ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Кім маған бір салауат айтса, Алла Тағала оған он салауат айтпады»** деген.
 Бір күні Алла елшісінің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) жүзінен қуаныштың белгісі байқалады. Сол сәтте сахабалары: **«Уа, Алланың елшісі! Жүзіңден қуаныш байқап тұрмыз»** дейді. Сонда ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Маған періште келіп: «Уа, Мұхаммед! Раббың: «Үмбетіңнен саған біреу бір мәрте салауат айтса, Мен оған он салауат айтсам, Мен оған он сәлем жолдаймын. Осыған разы боласыз ба?» – делі». Мен: «Әрине разы боламын» деп жауап бердім»** деген.

Тағы бір хадисте: **«Кім маған бір салауат айтса, оған Алла он салауат айтпады және оның он қателігін кешіреді әрі оның дәрежесін он есеге көтереді»** делінген. Біз бұл хадистен салауат айтқан адам өзіне жақсылық жасағанмен тең екенін түсінеміз. Себебі, біз салауат айту арқылы Алланың бізге салауат айтуына және бес күн жалғанда біліп-білмей айтуына тағылымға ие болуымызға себепші боламыз.
 Мұсылмандардың рухани өмірінде басты өнегелі тұлға болуы тиіс Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) тағылымы толассыз ғибратты ғұмырын халыққа насихаттау – баршаңыздың ортақ міндетіміз. Алла Тағала Құранда ардақты Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өнегелі тұлғасын: **«Шын мәнінде сен әлбетте ұлы мінезге иесің»** («Қалам» сүресі, 4-аят) деп сипаттайды. Тағы бір аятта: **«Расында сендер үшін Алланы да ақырет күнін де үміт еткендер және Алланы көп еске алған кісілер үшін Алланың елшісінде көркем өнегелер бар»** («Ахзаб» сүресі, 21-аят) деп баяндалған.
 Бүкіл әлемге мейірім, үлгі-өнеге ретінде жіберілген Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сүннетін жаңғырту – сауапты амалдың бірі. Алла Тағала баршаңызға ұл-қыздарымыз бен ұрпақтарымызға үлгі болар өнегелі өмір нәсіп етсін! Әмин!

QR КОД АРҚЫЛЫ ТЫҢДАҢЫЗ!

- Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлының жұма уағзынын тыңдаңыз. Уағыз тақырыбы – «Ер адамның отбасы алдындағы жауапкершілігі мен міндеті».
- ҚМДБ Төрағасының орынбасары, наيب мүфти Сансызбай қажы Құрбанұлының «Алланың көркем есімдері» уағзын-насихатын тыңдаңыз.
- Жамбыл облыстық «Ғибадулла Тарази» мешітінің наيب имамы Нүрәлі Бақытұлының отбасындағы мейірімділік жайлы уағзынын ұсынамыз.
- Әр айдың намаз кестесін осы жерден көрсетіс болсады. Мұнда еліміздің барлық қаласындағы намаз кестесі жинақталған.

ҚАЖЫМҰҚАННЫҢ ЕЛ БІЛМЕЙТІН ҚАСИЕТІ

Қазақ білекті азаматтарына «қара күш пен өдіс-айла-ның киесі дарыған жан» деп қана қарамай, «айықтырушы қасиет иесі» деп қадір тұлқан. Алаш тарихында ұлдарының аузына ырымдап түкіртіп, сарқытын жегізген, ауырса, үшкіртіп, отырған орнына аунатқан, яки қартайған палуандарға талапты оғландарға арнатып бата жасатқан да жағдайлар көп кездесіпті.
 Этнографиялық жазбаларға қарағанда, бұқара халық Балуан Шолақ, Жетпіс, Қажымұқан сынды нешеме палуандарды төбеге көтере мадақтап, үстіндегі қойлек-жейдесіне дейін шешіп алып, жыртқасқа салып, тәбәрік ретінде таркатып әкетіп отырғаны тағы шын. Ал олардың үйі болса, тіпті де ерекше кастерленіп, тек сол бір ауылдың, сол бір тайпаның ғана емес, сол кісіні танытын немесе атын естіген адамдардың да алыс сапарға шыкса, игі бастама көтерсе, арнайы барып сәлем беріп, д м татып, ықылас-батасын алатын қасиетті, киелі шаңырағына айналған, әрбір жолаушы «үлие атпаған онбайды» деп, ондай қасиетті дастарқанға түсіп дәм татпай өтпеген.

(Жалғасы 7-бетте)





ПРЕЗИДЕНТ АХМЕТ ЯСАУИ КЕСЕНЕСІН ЗИЯРАТ ЕТТІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Түркістан облысына жұмыс сапары барысында Қожа Ахмет Ясауи кесенесін зиярат жасады.

Кесенені зиярат етуге Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы да қатысты.

Одан ары Мемлекет басшысы Түркістан облысы жұртшылығымен кездесті. «Мен қасиетті Меккеге барған кезде Қағба төрінде және осы жолы киелі Түркістанда ата-бабаларымызға құран бағыштап, хандарымыздың рухына тағзым етіп, Алладан бір-ақ тілек тіледім. Ол – еліміздің амандығы және халқымыздың бірлігі» деді Қасым-Жомарт Тоқаев кездесуде.

САУД АРАБИЯСЫ МИНИСТРІМЕН КЕЗДЕСТІ

Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі Сауд Арабиясы Корольдігінің Қажылық және ұрма министрі Тауфик бен Фаузан әл-Рабиамен кездесті. Кездесуе Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы қатысты.



Жыл сайын елімізден Сауд Арабиясына қажылық пен ұмраға барушылардың саны артып келеді. Осыған орай екі елдің министрлері қажылыққа квота беру, қасиетті сапарға барушыларды тасымалдау мәселесін пысықтады. Жүзесу соңында Дархан Қыдырәлі құрметті мейманға Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің қақпасы бейнеленген көде-сый сыйлады.

Айта кетейік, бүгінгі кездесу – мемлекет басшылары деңгейіндегі сапардың бір нәтижесі.

СЫҒАНАҚИ ИСЛАМ ИНСТИТУТЫ АШЫЛДЫ

Астана қаласында ҚМДБ-ға қарасты Хусамуддин әс-Сығанақи атындағы ислам институты ашылды. Оқу орнының ашылу салтанатына Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы қатысып, институт жұмысына сәттілік тіледі.

ҚМДБ Төрағасы Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы биыл жеті бағыт бойынша айтара-лықтай жұмыстар атқарып келе жатқанын, соның бірі Діни білім және ғылым бағыты екенін алға тартты.

«Бұл орталықтың мақсаты – имамдарға терең білім беру, классикалық еңбектерді оқыту, араб тілін жетік меңгеруіне ықпал ету, діни мәселелерді түсіндіру қабілетін ашу. Сондай-ақ діни білім іздеп шетелге кететін жастардың өз елімізде білімін жетілдіруіне мүмкіндік береді. Міне, бүгін өздерінің алдарыңызда осы институттың ашылу салтанатын өткізіп отырмыз» деді Наурызбай қажы Тағанұлы.

Сондай-ақ Бас мүфти институтта Нұр-Мұбарак университетін, ҚМДБ-ға қарасты медресе-колледжерді тәмамдаған түлектер мен имамдар білімін тереңдету алатынын айтты. Сонымен қатар жас қариларды жігерлендіру мақсатында институт жанынан Ижаза беру орталығы ашылғанын атап өтті.

Бас мүфти салтанатты шараға жиылған көпшілікке ислам институтының директоры қызметіне Бағдат Манабаевтың тағайындалғанын хабарлап, қызметіне табыс тіледі.



БАС МҰФТИ – СЫР ӨҢІРІНДЕ

Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы Сыр өңіріне жұмыс сапарымен барып, Қызылорда, Байқоңыр қалалары мен Арал, Қазалы аудандарында болды.

ҚМДБ Төрағасы алдымен Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаевпен кездесті. Кездесуде өңірдегі діни ахуал талқыланды. Сонымен қатар, имамдардың білімі мен біліктілігін көтеру, дін қызметкерлерін әлеуметтік тұрғыдан қолдау, аймақтағы мешіттерді кадрлармен қамтамасыз ету, халыққа дін мен дәстүр сабақтастығын дәріптеу т.б. мәселелер сөз болды. ҚМДБ Төрағасы облыс басшысына игі ниетін жеткізіп, жаңа қызметіне береке тіледі. Кездесу соңында тараптар ортақ жобаларды жүзеге асыруға уағдаласты.

Қызылорда қаласында Сыр өңірінен шыққан ахуандар мен ишандар, сонымен қатар еліміздің ертені үшін шейіт болған бабалар рухына 100 Құран хатым дұғасы жасалды. Дәстүрге айналған игі іс-шараға Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы,



ордасының ашылу салтанатына қатысқан зиялы қауым өкілдері де құттықтау сөзін арнап, жүрекжарды лебізін білдірді.

Наурызбай қажы Тағанұлы Қызылорда облысына барған сапарында 595-пәтердің кілтін табыстады. ҚМДБ «Зекет және қайырымдылық» қорының «Ел үлесі – пәтерге» жобасы аясында берілген баспана жас имамға бұйырды.



зиялы қауым өкілдері, республикалық Құран байқауының әділқазы мүшелері, дін қызметкерлері мен қарилар қатысты.

Сондай-ақ Қызылорда қаласындағы Белкөл кентінде «Марал ишан» медресесінің ашылуына қатысты. Игі іс-шараға қатысқан Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы Наурызбай қажы Тағанұлы халықты жаңа медресесінің ашылуымен құттықтап, игі тілегін білдірді. ҚМДБ Төрағасы медресені салған Мұрат Токпанұлына алғыс хатын табыстап, сауапты іске ұйытқы болғаны үшін ризашылығын жеткізді. Сондай-ақ оқу

Бас мүфти Қызылорда облысы Қазалы ауданы Шәкен ауылдық «Әлмұхаммед» мешітінің имамы Жүсіп Ізбасарға пәтер кілтін табыстап, діни саладағы қызметіне береке тіледі.

Сондай-ақ Бас мүфти «Атамекен» отбасы үлгісіндегі балалар ауылына да барды. Орталықта тәрбиеленіп жатқан жасөспірімдер Бас мүфти бастаған дін қызметкерлеріне өз өнерлерін паш етті. «Хазіреті Әли (Алла оған разы болсын): «Балаларға ғылым-білім үйретіп, әдепке баулындар», – деген. Баланы жастайынан білімді, зерек етіп өсірудің маңызы зор. Қарап отырсақ, казак-

ҚҰРАН ЖАТТАП, КӨЛІК МІНДІ

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының ұйымдастыруымен Құран Кәрімді жатқа және мәнерлеп оқудан XI республикалық байқау биыл Сыр өңірінде өтті.

Жыл сайынғы дәстүрлі қарилар байқауы Қызылорда облысының орталық «Ақмешіт-Сырдария» мешітінде өтіп, оған республиканың түкпір-түкпірінен келген 80 үміткер қатысты. Тартысты әрі қызықты өткен байқау мүфтияттың төл телеарнасы «Munara TV» мен YouTube-арнасы, сондай-ақ Instagram-дағы ресми парақша арқылы тікелей эфирде екі күн бойы көрсетілді. Байқаудың алғашқы күні үміткерлер Құранның 10 және 20 парасын жатқа оқу, сонымен бірге мәнерлеп оқу номинациялары бойынша сыңға түссе, екінші күні қасиетті кітапты толық жаттаған, яғни 30 пара номинациясы бойынша қатысушылар арасында сайыс өтті. Қарилардың қарымын бақылап, әділ бағасын берген қазылар алқасының құрамында Сәдуақас қари Олжабаев жандарға рухани тұрғыдан қолдау көрсетіп, уақытша мешіттерге орналастырды, сонымен бірге өрт сөндірушілерді қоса алғанда жалпы 5000-ға жуық адамға үздіксіз асауақ беріп, шұғыл қажетті көмек көрсетті.

ҚМДБ «Зекет және қайырымдылық» қорының директоры Мақсатбек Мақсотұлы дін қызметкерлерімен бірге арнайы барып, жағдаймен танысып, шұғыл іс-шараларды қолға алды. Жедел штаб құрылып, қайырымдылық көмек көздерін ұйымдастырды. Арнайы қоймаға еліміздің әр аймағынан әлеуметтік маңызы бар азық-түлік пен тұрмысқа қажетті құрал-жабдықтар, киім-кешек пен көрпе-төсеніштер жеткізілді. Қазіргі уақытқа дейін 1796 отбасыға қажетті әлеуметтік көмек көрсетілді.

Бұдан кейін ҚМДБ Төрағасы байқауды ұйымдастырған азаматтар мен әділқазы мүшелерін алғыс хатпен марапаттады. «Мәнерлеп оқу» бойынша Атырау облысынан келген Арман Жамбылұлы I орынға (700 000 теңге) лайық деп танылса, II орынды (500 000 теңге) астаналық

Байқаудың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттау рәсіміне ҚМДБ төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы, сауапты іс-шараға демеушілік жасаған Бахаридин Аблязимов, зиялы қауым өкілдері қатысты.

«Байқауға қатысқан қариларымыздың бәрі жеңімпаз атанды деп санаймын. Өйткені бұл байқау әрбір қарияға үлкен жігер сыйлады. Жүлделеріңізді құтты болсын! Бұл байқауды Алла қаласа жыл сайын ұйымдастыра береміз. Сондай-ақ алдағы жылы елімізде Халықаралық Құран Көрім байқауын өткізуді жоспарлап отырмыз. Оған осындай жарыстардан оза шапқан жүйріктер қатысып, Қазақстан қариларының қырағатын әлемге танытуға қажет» деді Бас мүфти марапаттау сәтінде.

Бұдан кейін ҚМДБ Төрағасы байқауды ұйымдастырған азаматтар мен әділқазы мүшелерін алғыс хатпен марапаттады. «Мәнерлеп оқу» бойынша Атырау облысынан келген Арман Жамбылұлы I орынға (700 000 теңге) лайық деп танылса, II орынды (500 000 теңге) астаналық



Азамжан Ысмайыл иеленді. Ал III орын (300 000 теңге) Алматы қаласының намысын қорғаған Баубек Бектұрғановқа бұйырды. «10 пара» номинациясы бойынша қарағандылық қари Есімбек Арсен жеңімпаз (1 500 000 теңге) атанса, II орынды (1 000 000 теңге) Маңғыстаудан келген Ермек Жұманазаров, III орынды (750 000 теңге) Шығыс Қазақстан облысынан келген Садриддин Абдукаримов иеленіп тұтты.

«20 пара» бойынша Алматы облысынан шыққан қари Ақмал Рақымқұлов жеңіс тұғырынан (2 000 000 теңге) көрінсе, II орын (1 500 000 теңге) Алматы қаласынан келген Абдулбаки Абдилазизге, ал III орын (1 000 000 теңге) Түркістан облысының үздігі Игілік Исламнұрыға және маңғыстаулық қари Мұхаммед Ығманнұрынның еншісіне бұйырды. Байқаудың екінші күні «30 пара» бойынша сайысқа түскен қарилар

арасында 5 үміткер жүлдегер атанды. Олар: V орын (700 000 теңге) алған қостанайлық Абай Шыңғысұлы мен IV орынды (1 000 000 теңге) иеленген Алматы облысының үздігі Нұртілеу Сейіткасым, III орынды (2 000 000 теңге) қанағат тұтқан Раушан Хабیبолла (Батыс Қазақстан облысы) мен II орын иегері (3 000 000 теңге) алматылық қари Нығматулла Абдәзімов. Ал байқаудың Бас жүлдесін жеңіп алған Жамбыл облысынан келген жас қари Иманәлі Мырзагелді жеңіл автокөлікке ие болды. Құран жаттап көлік мінген 19 жастағы Иманәлі қари қазылардың шешімімен байқаудың ең үздігі атанса, арнайы «Көрермен қозайымы» номинациясы бойынша ынғаландыру сыйлығымен (500 000 теңге) Қызылорда облысының намысын қорғаған Аюбай Нұр-Мұхаммед қари марапатталды.

тады. Құран жаттау орталығының ашылуына қатысқан Арал ауданының әкімі Серік Сермағамбет пен өңірдің құрметті азаматтары мен зиялы қауым өкілдері құттықтау сөз сөйлеп, игі тілектерін білдірді.

Наурызбай қажы Тағанұлы Арал ауданында қалалық мешіт іргетасын қалады. Бас мүфти: «Іргетасы қаланған жаңа мешіт осы өңірдің рухани дамуына үлкен үлес қосады деп сенемін. Құлшылық ордасы дініміздің ғана емес, салт-дәстүріміз бен ұлттық құндылықтарымыздың кенінен дәріптелуіне ықпал етеді Алла Тағала халқымызға, еліміз бен жерімізге берекесі мен жақсылығын жаудырғай» деп дұға етті. Қасиетті жұмада іргетасы қаланған мешітке бір мезетте 1000 адам мұсылмандық парызын өтей алады.

ҚМДБ Төрағасы Арал аудандық мешітінде аймақ басшысы Серік Сермағамбетке Арал ауданының 95 жылдық мерейтойына орай 100 түп туя ағашының сертификатын табыстады. Құрғақ әрі ыстық климатқа және күн сәулесіне төзімді туя «өмір ағашы» деп аталады. Бас мүфти Арал ауданы әкіміне «Зекет және қайырымдылық» қоры жыл сайын осы өңірге 1 гектар аумаққа сексеуіл, ал ауданның 95 жылдық мерейтойына орай 100 түп туя ағашын отырғызуға ұйытқы болатынын атап өтті. Осы бастаманы жүзеге асыру үшін «Зекет және қайырымдылық» қоры мен «Барсақалемес» мемлекеттік қорының арасында арнайы келісім жасалғанын тілге тиек етті.

ҚМДБ Төрағасы Наурызбай қажы Тағанұлы Қазалы ауданында Жанқожа батыр атындағы қарилар даярлау орталығының ашылу рәсіміне қатысты. Бас мүфти аудан халқын діни оқу ордасының ашылуымен құттықтап, игі тілегін білдірді. «Қазалы ауданында Жанқожа батыр атындағы жаңа діни оқу ордасы ел игілігіне беріліп отыр. Мақсатымыз – өскелең ұрпаққа тарихи тұлғаларымыздың өнегелі өмірін үлгі ету, дін мен дәстүр сабақтастығын дәріптеу» деді Наурызбай қажы Тағанұлы.

Байқоңыр қаласына барған сапарында ҚМДБ Төрағасы қалалық «Жәрімбет» мешітінде жұма уағызын айтып, қала тұрғындарымен кездесті. Кездесуге Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі Қайрат Нұртай қатысты. Басқосуда Байқоңыр қаласының ардагерлері мен зиялы қауым өкілдері Бас мүфтидің қадамын жақсылыққа балап, мешіт тұрғызу бастамасына айрықша алғысын білдіріп, игі тілектерін жеткізді.

«ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА» ҚОРЫНА ҚАРЖЫ АУДАРДЫ

ҚМДБ Төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлының бастамасы бойынша «Зекет және қайырымдылық» қоры Қостанай облысында орын алған апатқа байланысты бірқатар іс-шаралар атқарды.

Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы бастаған дін қызметкерлері Қостанай облысы Әуликөл ауданына барып, мешіт имамдары, «Зекет және қайырымдылық» қорының қала және облыстағы өкілдерімен бірге өрте оранған аймақтарды сөндіруге атсалысты. Табиғи апаттан зардап шеккен азаматтармен кездесті. Сонымен қатар

Әуликөл аудандық «Әмит ишан» мешітінде қайырымдылық іс-шарасына қатысып, тосыннан орын алған сынаққа халықты сабыр етуге шақырып, Алладан табиғи апаттың тез тоқтауын тілеп, арнайы дұға жасалды. Сондай-ақ дін қызметкерлері үйін өрт жалмаған жандарға рухани тұрғыдан қолдау көрсетіп, уақытша мешіттерге орналастырды, сонымен бірге өрт сөндірушілерді қоса алғанда жалпы 5000-ға жуық адамға үздіксіз асауақ беріп, шұғыл қажетті көмек көрсетті.

ҚМДБ «Зекет және қайырымдылық» қорының директоры Мақсатбек Мақсотұлы дін қызметкер-

лерімен бірге арнайы барып, жағдаймен танысып, шұғыл іс-шараларды қолға алды. Жедел штаб құрылып, қайырымдылық көмек көздерін ұйымдастырды. Арнайы қоймаға еліміздің әр аймағынан әлеуметтік маңызы бар азық-түлік пен тұрмысқа қажетті құрал-жабдықтар, киім-кешек пен көрпе-төсеніштер жеткізілді. Қазіргі уақытқа дейін 1796 отбасыға қажетті әлеуметтік көмек көрсетілді.

Бұдан кейін ҚМДБ Төрағасы байқауды ұйымдастырған азаматтар мен әділқазы мүшелерін алғыс хатпен марапаттады. «Мәнерлеп оқу» бойынша Атырау облысынан келген Арман Жамбылұлы I орынға (700 000 теңге) лайық деп танылса, II орынды (500 000 теңге) астаналық

көмек мақсатында бірнеше күнге созылған акция нәтижесінде 23 003 415 теңге қаражат жиналды. Бас мүфтидің кеңесшісі Кенжетай Байкемелді және «Зекет және қайырымдылық» қорының директоры Мақсатбек Мақсотұлы «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының төрағасы Болат Бидахметұлымен кездесіп, Қостанайға көрсетілген қаржылай көмек бойынша ақпарат алмасты. Кездесу қорытындысы бойынша ҚМДБ басшылығы «Қостанайға шұғыл көмек» қайырымдылық акциясы нәтижесінде жиналған қаражатты «Қазақстан халқына» қоғамдық қорына арнайы тапсырды.



(Басы 1-бетте)

ПАЙҒАМБАРЛАРДЫҢ КӘСІБІ

Пайғамбарлар – Хак Тағаланың қалауымен ерекше кемел болып жаратылған адамзаттың ардақтылары. Хак елшілері – сөз жоқ, ғалам үшін иләһи нығмет, адамзаттың бақ құсы. Олар Ұлы Жаратушының пәрменін қаз-қалпында жеткізіп, иләһи үкімді қалай ұғыну һәм қалай тұтыну керектігін үйретуші тәлімі мінсіз тәлімгерлер. Шыр етіп дүние есігін ашқандағы ұлы миссиясы – хақиқатты паш ету болғандықтан, Хак елшілері бұл уәзіпаны тегін әрі мінсіз атқарған.

Дін – Алланың ұлы заңдылығы. Осы ұлы заңдылықты тәптіштеп, бүгешігесіне дейін түсіндіруші пайғамбарлар адам ретінде қалай ғұмыр кешті? Нәпақасын неден айырды? Отбасына қалай тіреу бола алды?

Иә, олар дінтұта болғанымен, күн-көрісіне дінді құрал қылмаған еді. Пайғамбарлардың ғұмырына көз жүгіртсек, оған нық, анық көз жеткізе аламыз. Хак елшілері дінді көркем түрде насихаттағанымен, қарымтасына дүниелік пайданы көздемеген. Олар әрдайым алаған емес, берген қол бола білген. Пайғамбарлар шежіресінің соңғы алтын арқау, күміс жалғауы Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «*Ешкім ешқашан өз табысынан асқан қайырлы ризық жеген емес. Алланың пайғамбары Дәуіт те өз қол еңбегінің жемісін жеген*» деп, теміршілік



ПАЙҒАМБАР

кәсіптің пірі болған Дәуіт (оған Алланың сәлемі болсын) пайғамбардың еңбекорлығын өзгелерге өнеге еткен. Әсілі хазіреті Дәуіт тек пайғамбар емес, ел билеуші патша болатын. Демек әрі пайғамбар әрі ел билеген Дәуіт нәпақасын өз маңдай терімен теріп жесе, патшалық құрмаған пайғамбарлардың тек адал еңбекпен ғана күн көргенін пайымдай аламыз.

Мәшһүр Құран тәпсіршісі Құртуби Дәуіттің темір ұсталығын игеруіне мына жайттың түрткі болғанын айтады: «Хазіреті Дәуіттің киімін өзгертіп киіп алып, халық арасына шығып, жұрттан: «Дәуіт қандай кісі?» – деп сұрайтын әдеті бар еді. Бірде Жәбірейіл (оған Алла разы болсын) жас адамның кейпінде онымен кездеседі.

Дәуіт: «Әй, жігітім! Дәуіт туралы не айтасың?» – дейді. Жәбірейіл: «Дәуіт жақсы адам. Бірақ оның бір кемшілігі бар», – деп уәж айтады. Дәуіт таңданып: «Ол қандай кемшілік еді?» – деп сұрайды. Жігіт: «Ол күнкөріс ақысын мемлекеттің қазынасынан алады. Ал адамдардың ең қайырлысы – өз еңбегін қорек қылған адам», – дейді. Жігіттің сынын естіп, аузына құм құйылған Дәуіт ағыл-тегіл көз жасына ерік беріп: «Уа, Аллам! Маған қазынаға мұқтаж етпейтіндей бір нәпақа табу жолын үйрете көр!» деп Жаббар Хакқа жалбарынады. Алла Тағала тілегін қабыл қылып, Дәуіт (оған Алланың сәлемі болсын) пайғамбарға сауыт жасауды үйретеді. Темірді жұмсарталды. Ол темірді қамырдай илейді. Иә, Хак елшілері отбасын маңдай терімен нәпақа тауып, асырады. Ішкен асына адал болғандықтан, оларды қалың бұқара қадір тұтты.

Пайғамбарлардың бәрі күнкөріс үшін белгілі бір кәсіптің қас майталманы болған. Мәселен, жер бетіндегі ілкі тіршілік иесі әрі алғашқы пайғамбар Адам – дикан, Нұх – ағаш шебері, Ыдырыс – тігінші, Ибраһим – маташы, Дәуіт – темір ұстасы, Сүлеймен – себет тоқушы, Зәкария – ағаш ұстасы, Иса – анасы ийрген жіпті сатушы әрі дәрігер, Хұд пен Салих – саудагер, Әюб – дикан, Мұса мен Шұғайып (оларға Алланың сәлемі болсын) пайғамбарлар шопан болған. Яғни пайғамбарлар белгілі бір кәсіппен шұғылданып, нәпақасын, ішер ас, киер киімін өздері табатын.

АЛҒАШҚЫ КӘСІБІ ҚАНДАЙ?

Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) пайғамбар болғанға дейін қандай мектеп көрді? Қандай кәсіппен шұғылданды? Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) анасының құрсағында жатқан кезде-ақ, әкесі Абдолла Ясрибте жантәсілім етті. Одан қала берді алты жасқа келгенде әкесінің қабірін зиярат етіп, қайтып келе жатқанда Әба деген жерде анасы Әмина мәңгілік сапарға аттанды. Бұрын әкесіз жетім болса, енді тұл жетім атанды. Сөйтпін екінші анасы саналған Умму Әйман Мұхаммедті Меккедегі атасы Абдулмутталибке табыстайды. Құрайыш тайпасының бетке тұтар беделді ақсақалы саналған Абдулмутталиб сүйікті немересін бауырына басып, оны қал-қадеріне өсіріп-жеткізеді. Немересін қанаттыға

ҚАНДАЙ КӘСІП ИГЕРДІ?

қактырмай, тұмсықтыға шоқтырмай, анасының орнына ана, әкесінің орнына әке болып, барынша мәпелеп өсіреді. Алайда Абдулмутталиб сүйікті немересі сегіз жасқа толғанда жан тапсырып, бақилық болады. Көкөрім бала үшін бұл аянышты жағдай болғанымен, жазмыш Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) қатал тағдырдың тезіне салып, келешекте көретін қазабатына баули түскен-ді. Сөйтпін жантәсілім етерде атасының айтқан өсиеті бойынша, Мұхаммед немере ағасы Әбу Тәліптің үйіне барып, қашан ер жеткенге дейін осы көкесінің қамқорлығында болады.

Сол кезде сегіз жасқа шыққан өрім-дей оғлан ешкімге жүк болғысы



Пайғамбарлардың бәрі күнкөріс үшін белгілі бір кәсіптің қас майталманы болған. Мәселен, жер бетіндегі ілкі тіршілік иесі әрі алғашқы пайғамбар Адам – дикан, Нұх – ағаш шебері, Ыдырыс – тігінші, Ибраһим – маташы, Дәуіт – темір ұстасы, Сүлеймен – себет тоқушы, Зәкария – ағаш ұстасы, Иса – анасы ийрген жіпті сатушы әрі дәрігер, Хұд пен Салих – саудагер, Әюб – дикан, Мұса мен Шұғайып (оларға Алланың сәлемі болсын) пайғамбарлар шопан болған. Яғни пайғамбарлар белгілі бір кәсіппен шұғылданып, нәпақасын, ішер ас, киер киімін өздері табатын.

келмей, көкесі Әбу Тәліптен қой бағып, шопандық кәсіппен шұғылдануға рұқсат сұрайды. Көкесі інісінің меселін қайтармай, оның «қой бағамын» деген ниетін құптап, қолдау білдіреді. Мұхаммедтің жас та болса, өз-өзіне бас болып, шопандықпен шұғылдануы, оның кейінгі ұлы миссияны атқармас бұрын басынан кешірген ұлы еңбек мектебі еді.

Иә, жазмыш оған өмірдің ашы-тұтшы дәмін таттырып, қоғамның әртүрлі сатысынан өткізіп, иләһи ұлы істерге жастайынан баулыды. Қой қайырып, мал күзеткен сол күндері туралы Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сахабаларына: «*Алла шопандық жасамаған ешқандай пайғамбарды жібермеген*», – деп шопандық кәсіптің артықшылығын айтып беріп отыратын. Сахабалары: «Уа, Алланың елшісі! Сен де (шопан) ме?» – деп сұрағанда, Хак елшісі: «Иә, мен де Меккенің Карарит деген жерінде қой бағатынмын», – деген болатын. Қасиет Құран Кәрімде Алла елшісінің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) пайғамбар болғанға дейінгі өмірін былайша жеткізеді: «*Сәске уақытына, тым-тырыс түнге ант. Раббың сені тастамады да, кейімеді. Әрине, сен үшін ақырет дүниеден жақсы. Әлбетте, Раббың саған береді де разы боласын. Сені жетім түрде тауып орналастырмады ма? Сені абыржуға көріп, жолға салды ма? Сені кедей көріп, байытпады ма? Ендеше жетімді қорлама,*

Сұраушыға зекіме. Раббыңның нығметін білдір» («Дұ» сүресі, 1-11 аяттар). Иә, Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) жетімдіктің тақсыретін тарта жүріп, сегіз жасқа толғанында ешкімге масыл болмай, өзінше кәсіп қылған болатын. Бұл сөз жоқ, Пайғамбарымыздың адамзат баласын ерінбей еңбек етуге үндеген сұлу сүннеті еді.

САУДА-САТТЫҚТАҒЫ СЕРІКТЕСТЕРІ

Жиырма үш жасынан бастап сауда-саттық ісіне араласқан Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Хадиса анамыздан өзге де серіктестерімен мударабә келісімшарты

ақсүйектік һәм трайбалистік қағидалардың басымдыққа ие болғанын ескерсек, Әбус Саиб һәм оның ұрпақтарының сөз ұстар, беделді әулет болғанын аңғарамыз.

Ибн Сад «Табәкат» атты шығарма-сында әс-Саиб хақында мынадай ақпарат жеткізеді: «Ол (әс-Саиб Бин Әбус Саиб) Исламның алғашқы кезеңдерінде Хак елшісімен (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сауда-саттықта серіктес еді. Меккеге фатх жасалып, мұсылмандар қалаға кіргенде, ол Мұхаммедке келіп жолығып, Исламды қабылдады. Алла елшісі: «Сәлем бердік, ешкімді алдамаған және тартыспаған бауырым һәм серіктесім әс-Саиб! Жәһилия дәуірінде (Алла құзырында) қабыл етілмейтін істер жасайтын едің. Сен ол істерді рулық және туыстық үшін жасайтынсың. Ол әрекеттерің бүгін (мұсылман болғандықтан) енді сенен қабыл болды», – дейді.

Ибн Хажар сол күнгі жағдай туралы әс-Саибтің сөзімен былай дейді: «Мекке алынған күні кейбір сахабалар мені Алла елшісіне ертіп алып барды. Осман мен басқа кісілер мені мақтай бастады. Сол кезде Хак елшісі: «*Оны маған үйретпедер (мақтамаңдар). Ол менің жәһилия кезеңіндегі жолдасым. Мен оны сол кезден бері тапымын*». Иә, Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) жәһилия дәуірінде талай игі жақсымен өмірде дәмдес һәм сауда-саттықта әріптес болды. Өзінің серіктестері туралы дәйім жақсы сөздер айтатын. Әс-Саиб бин Әбус Саибты да жақсы көріп, ол хақында жылы пікір білдіретін. Әс-Саиб бин Әбус Саиб та Алла елшісімен сауда-саттық жасаған кездерін қимастықпен еске алып, оның сенімді серіктес болғанын жиі аузына алатын. Ол: «Жәһилия дәуірінде Хак елшісі менің серіктесім еді. Ол өте жақсы серіктес болатын. Ешқашан бос тартыспайтын», – деп Хак елшісімен бірге өткізген күндерін масаттана айтатын.

Әбус Саибтың жоғарыдағы пікіріне қарап, Алла елшісінің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сауда-саттықта қаншалықты сенімді серіктес болғанын байқауға болады. Иә, Хак елшісі туа бітті сыдық һәм аманатқа берік жан еді. Иләһи осы сипаттары оның қандай бір ізгі іс болмасын үдесінен шыға білетін шәһбаз болғанын әйгілейді.

Иә, Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) жәһилия дәуірінде талай игі жақсымен өмірде дәмдес һәм сауда-саттықта әріптес болды. Өзінің серіктестері туралы дәйім жақсы сөздер айтатын. Әс-Саиб бин Әбус Саибты да жақсы көріп, ол хақында жылы пікір білдіретін. Әс-Саиб бин Әбус Саиб та Алла елшісімен сауда-саттық жасаған кездерін қимастықпен еске алып, оның сенімді серіктес болғанын жиі аузына алатын. Ол: «Жәһилия дәуірінде Хак елшісі менің серіктесім еді. Ол өте жақсы серіктес болатын. Ешқашан бос тартыспайтын», – деп Хак елшісімен бірге өткізген күндерін масаттана айтатын.

Сияр кітаптарында Мұхаммед (оған болсын) Алланың салауаты мен сәлемі болсын) пайғамбардың бозбала шағында шопандық кәсіптен кейін саудагерлікпен айналысқандығы айтылады. Пайғамбарымыз не себепті сауда-саттықпен шұғылданды?

VII ғасырдың алғашқы ширегіндегі Хижаз аймағының саяси-экономикалық ахуалына назар салар болсақ, араб тайпалары үшін Мекке қаласының сауда нүктесі болғанын аңғарамыз. Меккені мекендейтін Құрайыш тайпасының негізгі кәсібі сауда-саттық болатын. Ал осындай ортада ер жеткен Алла елшісінің сауда-саттықтан шет қалуы өте мүмкін емес еді. Сияр кітаптарында Мұхаммедтің бала күнінде бірнеше рет сауда керуеніне еріп Сирия мен Йеменге сапар шеккені баяндалады. Дегенмен ол жиырма үш жасында Меккенің бай саудагері Хадиса бинт Хуайлидпен (Алла оған разы болсын) мударабә келісімшарты негізінде сауда-саттық жасаған. Мударабә деп капитал мен еңбектің ортақтығын айтамыз. Бұл келісімшарт түрі араб қоғамында Исламға дейін сауда-саттық саласында кенінен қолданысқа ие-тін. Кейін Ислам шарифаты

Алла елшісінің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) арйлы дауысын естіген Шам базары елді-сәтте иләһи реңкке бөленіп, басынан мүлде басқа рухани күйді кешіреді. Әлгі яһуди саудагер болса, танданған күйі базардан ұзай береді.

Көп ұзамай Мұхаммед Әмин бастаған сауда керуені көл-көсір табыспен Меккеге оралады. Ол иненің жасуындай да қате жіберместен, Хадисаға мұқият түрде есебін тапсырады. Хадиса анамыз Мұхаммед Әминнің елден ерек ұқыптылығына, адалдығына аң-таң қалады. Шексіз разы болған Хадиса анамыз керуенбасыға келісілген ақыдан артық ақы беріп, түрлі сыйлықтар тарту етеді. Кейін бұл сыйластықтың соңы бір отбасының құрылуына себеп болады. Сондай-ақ Алла елшісінің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бұл сауда серіктестігі Хадиса көз жұмғанға дейін жалғасқан еді.

Алла елшісінің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) арйлы дауысын естіген Шам базары елді-сәтте иләһи реңкке бөленіп, басынан мүлде басқа рухани күйді кешіреді. Әлгі яһуди саудагер болса, танданған күйі базардан ұзай береді.

да мударабә келісімшартын құптаған еді. Ал Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) саудаға араласуына келер болсақ, нағында Хадиса анамыз еларалық сауда қатынасын жүргізе алатын білікті һәм бесаспап маман іздейді. Ибн Садтың жеткізуіне қарағанда, бұл жолы Хадиса анамыз өте ірі көлемде, яғни барша меккеліктердің тауарына тен келетін керуенді Сирияға жібермек болады. Осы іске бас-көз болатын керуенбасы іздеп жарияға жар салады. Бұл хабарды естіген Әбу Тәліп: «Әй, Мұхаммед! Хуайлидтің қызы үлкен керуенді жолға шығарды екен. Бұл керуен сенімен бірге шығуы керек. Біздің әл-ауқатымыз төмен. Керуеннен түсетін табысқа мұқтажбыз. Егер қабылдасаң, мен барып Хадисамен сөйлесіп, саудаласайын. Басқаларға бергеннен саған екі есесін берсін. Ол сенің адалдығыңды өте жақсы біледі. Менің ұсынысымды қабылдайды деп ойлаймын», – дейді. Өзін бағып-қаққан немере ағасын мұқият тындаған Мұхаммед: «Қалауың болсын, сенің сөзіңнен ешқашан шықпаймын және тындаймын», – деп келісімін береді.

Әбу Тәліп Меккеде «тахира» (пәк) деп танылған Хадисаға барып, керуенбасылыққа Мұхаммедті ұсынады. Інісінің елгезектігіне нық сенімді болған Әбу Тәліп Хадисадан екі есе ақы талап етеді. Хадиса анамыз: «Әй, Әбу Тәліп! Расында сен Мұхаммед үшін лайықты ақы сұрап отырсың. Менен бірнеше есе артық сұрасан да, қарсылық қылмас ем», – деп жомарттық танытады.

Хадиса анамыз керуенбасылыққа Мұхаммедті тағайындап, оған серік әрі бақылаушы етіп Майсара атты қызметшісін қосып жібереді. Ұзын-ырғасы үш айға созылған жолсапарда сауда керуені небір қиыншылық пен тауқыметті бастан өткереді. Керуенбасы болып тағайындалған Мұхаммед өз міндетін мінсіз атқарады. Ибн Садтың жеткізуіне қарағанда, Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Шам базарында керуен әкелген тауарларды сатқанда алымсақ үшін де, өзі үшін де тиімді жолмен (самаха) сауда жасайтын. Саудаласқан кезде ант бермейтін, жөн-жосықсыз ант етуді ұнатпайтын және саудаласушыларға ант ететіндей жағдай тудырмайтын. Керуенмен бірге келген өзге саудагерлер бір тен тауарды таңнан күн батқанға дейін әуіпірмен жүріп әзер сатса, Мұхаммед өз тауарын әп сәтте-ақ сатып үлгеретін. Сауда есептеріне өте мұқият еді. Тіпті ішкен бір кесе суының да есебін жасайтын. Бірде Майсара керуенбасының есепке беріліп кеткенін көріп: «Әй, Мұхаммед! Бірнеше сағаттан бері ненің есебін шығара алмай жатырсың?» – дейді. Сонда Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Әй, Майсара! Керуеннің есептері мен өзімнің жеке есептерімді бөлген едім. Алайда қалай екенін білмеймін, кішкене араласу байқалады. Керуеннің ақшасы менің ақшама қосылып кетті ме? Әлде менің ақшам керуеннің ақшасына қосылып кетті ме, білмеймін? Осылай күмәнданғанша сен куә бол! Ақшамның бәрін керуеннің ақшасына қосамын. Керуеннің бір дирхамы маған өткенше, менің ондаған дирхамым керуеннің есебіне өтсін», – деп жауап береді. Мұхаммедтің адалдығына, есепке деген ұқыптылығына танданған Майсара тілі байланып, үн-түнсіз қалады. Шынтауайтында, Майсара қанша жылдан бері сауда керуеніне ішкі жүріп, дәл Мұхаммед Әминдей ішкі тазалығы жоғары жанды көрген емес еді.

Осы тұста айтып өтетін жайт, сол замандағы үрдіс бойынша саудагерлердің көпшілігі затын өткізу үшін ант-су ішіп жататын. Мұхаммед болса, сауда жасағанда, ант сүшіпей-ақ алымсақты сендіре алатын. Шам базарында осыны аңғарған бір яһуди саудагері Алла елшісіне (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Меккенің ең атакты пұттары Лат пен Уззаның атынан ант етуін сұрайды. Жана ғана күлімсіреп тұрған Мұхаммедтің түрі қара күрентіп, өзгеріп, қабағы түйіліп, даусы да өзгеріп сала береді. Сонда Шамның базары болашақ пайғамбардың мынадай қатқыл, кесімді сөздерін естіді: «Сен мен сенбеген, жансыз нәрселердің атынан мені ант етуге шақырып тұрсың ба? Мен сүйкімсіз пұттардың атынан ешқашан ант етпеймін».

Алла елшісінің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) арйлы дауысын естіген Шам базары елді-сәтте иләһи реңкке бөленіп, басынан мүлде басқа рухани күйді кешіреді. Әлгі яһуди саудагер болса, танданған күйі базардан ұзай береді.

СОВЕТСІЗДЕНДІРУ ҮДЕРІСІ

Ел тарихындағы көпшіліктің айналып өте алмайтын, соқпасқа амалымыз жоқ бір тақырып бар. Ол – біздің отарланғанымыз. Кешегі кеңестік жүйенің сарқыншағы мен сарқыты санамыздан кете қоймағаны рас. Жалпы советсіздендіру деген не? Бұдан құтылудың жолы қандай болмақ? Не істеу керек?

Қазақстан қоғамдық-саяси советсіздендіру және постколониализация процесін әлі де толық өткеріп үлгерген жоқ. Бір жағынан бұл үдеріс белгілі бір уақыттың өлшеміне салып, мынандай жылда аяқталады дейтіндей емес. Себебі ғасырдан астам жүргізілген империялық саясаттың кесірі санада қалып, бір буыннан келесі буынға алмасып отырады...

Қазақстанда Патша өкіметі мен кеңестік жүйенің пәрменімен қалған жер-су атаулары әлі көп. Әсіресе солтүстік, орталық өңірде аз емес. Десек те тарихи атауымен қайта аталып жатқандар да бар. Постколониализацияны санаға енгізу үшін, өзгерістің көшеден бастау алуы да артықтық етпейді. Өткеннің қай символын қабылдауға болатын-болмайтыны бойынша шешім қабылдау өте қиын. Осы тұрғыда жер-су атауларын өзгертісі келетіндер мен сақтап қалуды көздейтіндер арасында үнемі тартыс жүріп жатады. Мәселен, былтыр Қарағанды қаласындағы орыс тілінде аталып келген 10 көшенің атауын өзгерту, Октябрь ауданын ұлт қайраткері Әлихан Бөкейханның атына беру секілді жайттарды осы қатарға жатқызуға болады.

Постколониализм теориясы туралы сөз айтқанда бірден ауызға оралатын есім – әйгілі ғалым Эдуард Саид. Оның «Ориентализм» деп аталатын еңбегінде отаршылдықты үстем елдердің бодан болған халықтар үстінен билік жүргізіп, өз мүдделеріне сай әрекет етуге мәжбүрлейтін шаралар жиынтығы ретінде қарастырады. Ғалым мәдени отаршылдыққа арнайы тоқталып және бұл отарлаудың ең қауіпті түрі екенін ашық жеткізген.

Дүниежүзінде қандастарын атажұртына көшірген санаулы мемлекет бар: Германия, Израиль, Қазақстан. Алайда бүгінгі таңда ел үкіметі игі істі әрмен қарай жалғастыруға құлықсыздық танытып отыр. Қандастарымызды елге көшіру не себепті тоқтағаны өз алдына бөлек тақырып. Бірақ шекара сыртындағы, әсіресе Моңғолия, Қытай жағындағы қазақтар коммунистік отарлаудан түспеген, санасы тұнық, тілі таза, қаймағы бұзылған буынның бірі еді. Шеттегі қазақтарды елге көшіру советсіздендіруді керісінше үдететін күш еді. Әзірге бұл көш тоқтап тұр.

«Колониализм – өзі туралы және басқалар жайлы да үнемі өтірік сөйлейді». Бұл – философ, саяси теоретик Ашиль Мбембенің пікірі. Сонымен қатар ғалым «үстем мемлекеттер отарланған елдердің постколониализм түсінігін гуманизмнің джунгли» деп те айтанын атап өтеді. Кейбір мемлекеттер егемендігін ресми түрде жарияласа да постколониализмге қатысты ой-пікірін ашық айтады. Себебі кезінде өзін отарлаған ел мұның бүгінгі жаңа көзқарастарын қабылдай қоймайды. Тіпті нақты қамдарының өзін «ұлттық араздық», «жергілікті өзге ұлт өкілдерін кемсіту» деп қатан айыптайды. Отарланған елдер әуелгі «несіне» жалтақтағанын қалай түсінсек екен? Бұдан құтылуының жолы қайсы? Осы арада айтпай кетуге болмайтын нәрсе бар. Ол – технологиялық советсіздендіру. Мәселен, 2020 жылы Украинаның Харьков облысында АН-26 ұшағы апатқа ұшырады, бортындағы 26 украиндық курсант түгел ажал құшты. Былтыр Алматы қаласына қарасты Қызылту елді мекені маңында ҰҚК Шекара қызметінің АН-26 әскери ұшағы құлады. Борттағы 6 адамның төртеуі оқиға орнында қаза тауып, 2 адам зардап шекті. Мұны неге айтып отырмыз, осы АН-26 ұшағы 1969 жылы жобаланып, 1973 жылдан бастап Киев авиациялық зауытында жаппай шығарыла бастаған. Қолданыста жүргеніне елу жылға жақындады. Біз талқылап отырған советсіздендіру материалдық игіліктерге де, құрал-жабдықтарға да тікелей қатысты сияқты көрінеді. Елдегі әскери салада кеңестік кезден қалған қару-жарақ әлі де бар. Постколониализмге қадам басқымыз келсе, мүмкін сол кезеңді еске түсіретін ескірген мүліктен арылуымыз керек шығар?!
Нищенің «Мәдениет дегеніміз – шиеленіскен бей-берекетсіздіктің үстінде ілулі тұрған алманың жүп-жұқа қабығы ғана» деген сөзі бар. Себебі өтіп кеткен, болып жатқан және алда болатын тарихи, саяси қатығыстардың бәрі мәдениеттің әлсіреуімен және тізе бүгуімен байланысты болған, бола да береді. Ең сорақысы сол, осы құлдыраулардың барлығы мәдениет қайраткерлерінің, ең алдымен, жазушылар мен әдебиетшілердің мәдениет мұраттарын сатып кетуінен және зұлымдық насихатшыларына айналуынан туған. Құлдық санадан арылып, ел мәдениетінің, яғни тарих пен әдебиеттің, кино мен театрда жаңа сананың қалыптасуына біздегі мәдениет саласының мамандары зор үлес қосады. Мәдениет демекші, шынымен отаршылдықтың зардабын тартып, бодандықтың қамытын киген елдердің мәдени-психологиялық бітімі, ең алдымен олардың тұрмыс-тіршілігінен, сөз өнерінен айқын көрініс табатыны жасырын емес. Советсіздендіру үдерісінің осылай гуманизм бағытында өрбуі, мақсатқа мысықтабандап жетудің нәтижесін уақыт көрсетеді.

Азамат ӘБІЛҚАЙЫР

БАЛАЛАРДЫ ҚАУІП ТҰЗАҒЫНАН ҚАЛАЙ ҚҰТҚАРАМЫЗ?

Түрлі цифрлық сервистердің өмірге келуі азаматтардың өмір салтын жеңілдетіп жатыр. Бірақ мәселеге қашан да екі қырынан қараған абзал. Әлеуметтік желінің алға озуы адам өміріне, соның ішінде бала өміріне үлкен қауіп төндіруде. Балаларды өлімге итермелейтін түрлі ойындар бар. Біраз жыл бұрын елді дүрліктірген «Синий кит» қайта оралған секілді. Әртүрлі ақпарат көздерінде бұл ойын атауы қайта бой көрсете бастады.



Тааяуда Алматы облысы Қаскелең қаласындағы №21 мектептің бесінші сынып оқушысы асылған күйінде табылды. Инстаграмдағы Kaskelenkz парақшасының хабарлауынша, жеткіншектің ажал құшуына «Синий кит» ойыны себеп болуы әбден ықтимал. Адамның өз ақыл-ойын озбыр идеяларға бағыштайтынына ашуы келеді.

Мұндай ойынды ойлап табушылар оны жасөспірімдер аудиториясына бағыттайды. Яғни әлгіндей сорақы мобильді қосымшалар мен ойындар өтпелі кезеңде жүрген жеткіншектің санасымен «үндесе» кетеді. Мұны психолог маман былай түсіндіреді. «Өтпелі кезеңде баланың бойында өте күшті қайта құру кезеңі жүріп жататындықтан, оған суицид туралы ойлар келе бастайды. Бала өскен сайын эмоциясы да көбейеді. Ұлда да, қызда да. Үлкендер немқұрайлы қарайтын жағдайлар бағалағандың ақыры болып көрінеді. Мұндай жаста

оның өмірінде ақ және қара деген екі түс қана болады. Олар көп ретте өздерін жалғыз сезінеді және осындай қорқынышты қадамға барады» дейді психология магистрі Екатерина Брызгалова.

2015 жылы 200-ге жуық бала өз-өзін өлімге қиса, одан кейін статистика біртіндеп 140-160 бала деңгейіне дейін төмендеген. Сонымен қатар балалар суицидіннің 60 пайызы 15-17 жас аралығында жеткіншектерде тіркеледі екен. 2019 жылы бұл мәселені Президент те көтерген.

«Балалар суицид – бәріміз үшін трагедия. Олардың нәліктен мұндай қадамға барарына қатысты дұрыстап ойлану керек. Берік өмірлік ұстанымдарды қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізіген жөн. Бұл – тәрбие процесі сапасының базалық критерийі болып саналады. Біздің ортақ міндетіміз – өмірлік қиындықтарды қайыспай көтере алатын, мықты ерік-жігерге ие, оптимист жана буынды қалыптастыру.

Басқаша болуы мүмкін емес» деген еді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Әрине, мұндайда баламен жұмыс істей білу өте маңызды. Баламен жұмыс істеу деген оның әр басқан қадамын аңду емес. Онымен өзара жылышырайлы көзқараста сөйлесу, оның әрбір бастамасы мен ісіне қолдау көрсету, оның пікірімен санасу және әрбір тұрмыстық шаруаны да баламен ақылдасу – бала үшін үлкен демеу. Ол да бұл өмірде өзінің орны бар екенін біліп, өзін маңызды сезіне бастайды. Тиісінше, кез келген игілікті бастамасына білек сыбана кірісе алады. Сондай-ақ ата-ана ғана емес, өтпелі кезеңнен әлдеқашан өткен, тәжірибесі бар үйдің үлкен, яғни баланың ағасы не әкесі өзінен кейінгі інісі не сіңлісіне лайықты көмектесуі қажет. Бұл – біз аса құлық танытпайтын, бірақ шын мәнінде аса қажетті іс-шара.

2022 жылдың Балалар жылы деп жарияланғаны белгілі. Бірақ дәл балалар жылында балаларды қорғауға қатысты қандай жобалар жасалғаны емге таппайсың. 1 маусым – Балаларды қорғау күні де, ары кеткенде ойын парктерінде түрлі жеңілдіктер жасалатын, тегін балмұздақ таратылатын мейрам ретінде аталып жүр. Басқа-басқа дәл балалар қауіпсіздігі – тар шеңберге тығып қоятын немесе ресми шаралардай қасаң қалып аясында атқарылатын іс емес. Балаларды қауіп тұзағынан құтқаратын бір ғана жол бар, ол – балаларға арналған түрлі қызықты кітаптар шығару, оларды таратудың заманауи тәсілдерін табу, баланың бойында игі қасиеттерді қалыптастыратын мобильді қосымшалар мен ойындар шығару және шетелдік түрлі залым ойындармен күресу, олардың таралуына шектеу қою. Әрі бұл міндетті тек мемлекеттің ғана мойнына іліп қоймай, реті келсе кез келген адам атсалысқаны дұрыс.

Ірі кәсіпкерлер ары кетсе бір зәулім сарай соқпай-ақ қояр, тағы бір қымбат көлікті гаражына қоспай-ақ қояр, азын-аулақ (олар үшін азын-аулақ қой) ақшаны балаға аударса, қаншама талантты жастың идеясы іске асар еді. Асар еді де, бала игілігіне жарар еді. Не өзіміздің ұсына қояр балама идеямыз, не қазақи ойынымыз, не тәрбие-мысал топтастырылған кітап-журналымыз жоқ, жоқ болған соң балалар шетелдің шебер ұйымдастырылған науканының құрбанына айналып жатыр. Бұл ешқандай пафос емес, бұл ашы да болса ақиқат.

Абай ҚАЗБЕКҰЛЫ

Мәңгіңіз МӘНІ НЕДЕ?

Соңғы уақыттары әлеуметтік желіде мәһр туралы түрлі пікір таралуда. Әңгіменің ырғасы бір қыздың мәһрге көлік сұрап, күйеу баланың қызды сол арада тастап кетуінен басталған. Осыған қатысты біреулер жігіттің бірбеткейлігін мақтап, қызды дүниеқоңыз десе, енді бірі қызды жігітке мотивация беріп отыр, «шын ер болса, сұрағанын беруі керек еді» деген пікір айтты. Осыған ұқсас бірді-екілі оқиғаны естіп алған әлеуметтік желі белсенділерінің бір бөлігі «екі жастың бас қосуына мәһр көдергі келтіреді», «мәһр берсе, қызды жеке мүлкіндей көреді», «қазақтың салтында болмаған мәһр ұлт болмысына зиян келтіруде» деген пікірлер айтты. Анығында мәһр деген не?



Мәһр – ер адамның некелескенде қалыңдығына жасайтын сыйлығы. Ерадам мәһрді беріп, қалыңдықты меншігі сияқты сатып алып жатқан жоқ. Керісінше мәһр ер азаматтың әйел адамға деген мұқтажлығын білдіреді, оның болашақ қалыңдығына деген шынайы сезімін көрсетеді. Күйеу жігіт қалыңдығына белгілі бір мөлшерде сыйлық жасайды. Бұл туралы Құранда былай делінген: «Әйелдердің мәһрін ықпаласпен беріңдер. Егер әйелдер өз еріктерімен сендерге мәһрдің бір бөлігін берсе, оны қабыл алыңдар» («Ниса» сүресі, 4-аят). Исламның қай шарты болмасын, астарлы мән, үлкен даналық жатады. Мәһірдің мәні әйел оны қорғансыз, жесір қалған жағдайда немесе материалдық мұқтаждық көрген кезде өзін асырау үшін жұмсалады.

«Мәһр берудегі мақсат – әдетте ер кісі бірінші болып қадам жасайтын болғандықтан, некеге шынымен ниетті екенін білдіру және әйеліне деген сүйіспеншілігін көрсету. Бір жағынан Исламда әйелдің де, баланың да нәпакасы ер азаматтың мойнында болғандықтан, бұл оның некеге жауапкершілікпен қарайтынын да байқатады» дейді Қызылорда облысының бас имамы Болатбек Абуов.

Шын мәнінде қазақ дәстүрі Исламмен тоңның ішкі бауындай қабысып жатыр. Исламмен тереңірек танысқан адам, қазақ халқының хадисті ғұрпына, сүннетті салтына айналдырғанын байқар еді. Қазақтың қалың мал беру дәстүрі Исламның мәһр беруінен шықса керек. Мәһр мен қалың малдың айырмашылығы туралы Атырау қаласындағы «Мәулімберген» мешітінің ұстазы Наркес Бохановтың айтуынша, шариағатта мәһр қалыңдықтың жеке өзіне ғана тиесілі. «Мәһрді қыздың ата-анасы немесе ағалары иелене алмайды. Тек күйеу жігіттен сұрап беруіне болады. Егер қазақ салтындағы қалың малдың бір бөлігіне қыздың жасауы апарылса, қалған бөлігі де қалыңдықтың өзіне беріледі, мұны мәһр деп есептеуге болады. Алайда мәһр сыйлығын қалыңдықтың жеке өзіне беру абзал. Егер жігіт өз дархандығымен қыздың ата-анасына

жеке сыйлық жасаймын десе, оның еш сөкеттігі жоқ» дейді Наркес Боханов. Бұл жайлы толығырақ Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өмірімен толық танысқанда байқай аламыз. Алла елшісі қызы Фатиманы ұзатқанда Әлиден (оған Алла разы болсын) мәһр беруін сұраған. Сонда Әли мәһрді Фатиманың әкесіне, яғни Пайғамбарымызға берген еді. Алла елшісі мәһрге берілген ақшаның бір бөлігін сахабасы Біләлға беріп, Әли мен Фатиманың күнделікті тұрмысына қажет-

ті заттар сатып әкелуін сұраған. Ал қалған бөлігін Фатиманың өзіне қайтарып берді. Құлі мұсылманның үлгі тұтатын ардақты Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бұл әрекеті дәстүріміздің қайдан шыққанын аңғартып тұрғандай. Тіпті комитеті мен Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты шығарған «Қазақ сөздігі» кітабында «мәһр» сөзі енгізілген. Бұдан мәһр сөзінің қазақ сөздігінде бұрыннан болғанын байқаймыз. Сөздікте мәһрдің қалың мал сөзімен мағыналас екені көрсетілген:

«Мәһір (ар.) зат есім, діни. Мұсылмандық дәстүр бойынша ер адамның қалыңдығын аларда мүліктей, заттай беруге міндетті дүниесі; қалыңмал» (Қазақ тілінің біртөмдік үлкен сөздігі. Алматы, 2013ж. 914-бет).

Ханафи мәзһабы бойынша, мәһрдің ең аз мөлшері – 10 дирхам. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «*Он дирхамнан азы – мәһр емес*», – деген. Сахабалар өмір сүрген араб халифаты заманында 10 дирхам бір алтын динарға тең болған. Ал бір динардың салмағы 4,25 грамды құраған. Мәһірдің құны аталған мөлшерден төмен болған жағдайда, оны 10 дирхамға толтыру керек. Ол ақшалай немесе заттай берілуі мүмкін. Елімізде қазіргі уақытта мәһрге сұралатын заттар тізімінде смартфон, тон, алқа, білезік, сағаттан бастап көлік пен үйге дейінгі дүниелер айтылып жүр. Дін қызметкерлерінің айтуынша, мешітке неке киюға келетін жастардың көпшілігі мәһрдің не екенінен бейхабар болады екен. Астанадағы Әл-Фараби мешітінің неке бөлімінің бас маманы Айгүл Ырысбекованың айтуынша, мәһр мөлшерінің шегі жоқ. «Қыз жігіттен қалаған нәрсесін сұрауға құқылы екенін естігенде қуанып, көпшілігі соңғы маркалы айфон немесе алтын әшекей сұрап жатады. Үй, көлік, тіпті шектен тыс көп алтын сұрайтындары да табылады. Әрине ер-азаматтың қалыңдығына сыйлық жасауы, ал қыздың оны ықпаласпен қабыл алуы жақсы. Алайда мәһрдің мөлшеріне келгенде ер азаматтың жағдайын да ойлаған дұрыс» дейді Айгүл Ырысбекова. Мұфтият қабылдаған пәтуада «Мәһр сұраған сәтте ер азаматтың материалдық деңгейін, отбасының әлеуметтік жағдайын ескерген жөн. Өйткені мәһр күйеуді қарызға батыратындай көп немесе қыздың көңілін ренжітетіндей кем болмауы керек. Мәһрді бірден беруге шамасы жетпесе, оның бір бөлігін алдын ала (мәһр мұғажжәл) беріп, қалғанын кейін (мәһр муәжжәл) берек алады» делінген. Ендеше, отау құрмақ болған жастар мәһрдің мәнін ұғып, ортақ байламаға келгені дұрыс.

Жанар ҒАРИФҚАЛЫҚ

Білім күні қарсаңында Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетовтің атына еліміздегі білім саласына қатысты бірқатар сұрау жолдаған болатынбыз. Сұрақтарымызға Оқу-ағарту министрінің бірінші орынбасары Шолпан Таңатқызы жауап берді.

Шолпан ТАҢАТҚЫЗЫ,
Оқу-ағарту министрінің бірінші орынбасары:

МҰҒАЛІМНІҢ БАСТЫ ҚЫЗМЕТІ – ОҚУШЫҒА

САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУ

– Шолпан Таңатқызы, сұхбатымызды білім саласындағы реформалардан бастайық. Өзіңізге мәлім, білім саласы дамыған елдерде оқу бағдарламасына жиі өзгерістер енгізілмейді. Бізде неге жыл сайын жаңа бағдарлама қабылдана береді? Бұл қажеттілік пе, әлде жаңа министр білімге «жаңа бағдарлама енгізуі тиіс» деген қағида бар ма? Бұл оқушылар мен мұғалімдерге, тіпті ата-аналардың өзіне психологиялық соққы емес пе?

– Оқу бағдарламаларына өзгерістер енгізу қалыпты үрдіс деп айтар едім. Халықаралық тәжірибеге сүйенсек, білім беру бағдарламалары мониторинг негізінде әр түрлі кезеңде өзгеріп тұрады. Мысалы, Қытайда әрбір 5-7, Жапонияда әрбір 8-10 жыл сайын оқу бағдарламасы өзгеріп тұрады.

Осыған байланысты министрлік Ыбырай Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясымен бірлесіп, педагогикалық және ата-аналар тарапынан түскен ұсыныстарды ескере отырып, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына, үлгілік оқу жоспарлары (ҮОЖ) мен үлгілік оқу бағдарламаларына (ҮОБ) өзгерістер енгізу бойынша тиісті шешім қабылдап келеді. Бұл – білім беру мазмұ-

жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары және үлгілік оқу бағдарламаларының апробациясы кезеңде жүргізіледі. Қазір осыған байланысты дайындық жүргізілуде. Бүгінгі таңда апробациялау әдістемесі әзірленуде. Апробация қорытындысы бойынша, нәтижелерге мониторинг жүргізіледі және оқу бағдарламаларының мазмұны пысықталады.

Кешенді жұмыс нәтижесінде 2022-2023 оқу жылынан бастап оқу жылының ұзақтығы 34-тен 36 оқу аптасына дейін ұзартылды. «Өзін-өзі тану» пәні инвариантты компоненттен алынып тасталды. 1-сыныптан «Көркем еңбек» пәні «Бейнелеу өнері» және «Еңбекке баулу» болып бөлінді. Сонымен қатар 2022 жылдың 1

Бұл конкурс аптасына 16 сағат және одан да көп сағат оқу жүктемесі бар педагогтің бос немесе уақытыша бос лауазымына өткізіледі. Жұмысқа қабылданатын жоғары оқу орындарын аяқтаған түлектер міндетті түрде біліктілік тестілеуден өтеді. Ал біліктілік санаты бар мұғалімдер жұмысқа орналасу үшін өздерінің біліктілік санаты туралы куәліктерін ұсынады. Қабылданған бұл өзгерістер сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмауға бағытталған. Енді шешімді директор жалғыз емес, ұжымдық шешім арқылы қабылдайды.

– Мұғалім дегенде оның құқығына қатысты мәселе көлденен шығады. Педагогтерді сайлау комиссиясына қосу, көше

тоқсан сайын әр пән бойынша, әр мұғалімнің оқытатын сыныптарындағы оқушылардың оқу жетістіктері талданып, қорытындыланып отыруы маңызды. Оның негізінде оқу жұмысындағы орын алған олқылықтар болса, оларды қалай жасқартудың тұстары жоспарланады. Нәтижелер үнемі зерделеніп, айқындалып отыруы тиіс.

Осы орайда біздің министрлік былтыр қазақстандық бірыңғай білім өлшеуішін енгізді. Ол оқушылардың білім жетістіктерінің мониторингі деп аталады. Бұл – білім сапасын қамтамасыз ететін департаменттердің өткізетін шарасы. Оған жыл сайын мектептердің 25 пайызы қатысады. Нәтижесінде әр мектепке әдістемелік ұсынымдар әзірленіп, қолдау жұмыстары ұйымдастырылады. Мемлекеттік бақылау ретінде мемлекеттік аттестаттау енгізілді. Оның да мақсаты – мектептегі білімнің сапасын арттыру.

Министрлік былтыр мектеп және колледж мұғалімдерінің толтыратын құжаттарының тізбесін бекітті. Биыл балабақшалар, қосымша білім мекемелері педагогтерінің құжаттарының тізбесін бекітті. Енді мұғалімдерден тек тізімде бекітілген құжаттар ғана талап етіледі. Қажет емес құжаттарды талап ету білім мекемелерінде жол берілмеуі тиіс.

Заң талаптарына сәйкес мұғалім кәсіби қызметін жүзеге асыру кезінде оны Қазақстан заңдарында қарастырылған жағдайларды қоспағанда, өзінің кәсіби міндеттерімен байланысты емес жұмыс түрлеріне тартуға, Қазақстан заңдарында көзделмеген есептілікті не ақпаратты ұсынуды талап етуге, Қазақстан заңдарында көзделмеген педагогтің кәсіби қызметін тексеруге, педагогке тауарларды және қызметтерді сатып алу міндеттерін жүктеуге рұқсат етілмейді.

Сонымен қатар мемлекеттік орта білім беру ұйымдарының педагогтерін өздерінің кәсіби қызметін жүзеге асыру үшін үкіметтік емес ұйымдардың қызметіне тартуға жол берілмейді. Педагогтерді өзінің қызметіне тән емес жұмыстарға тарту жағдайлары бойынша құқықбұзушылықтың субъектісіне қарай 20-дан 120 АЕК-ке дейін айыппұл қарастырылған. Заң талаптары орындалмаған жағдайда мұғалімдер министрліктің жергілікті жерлерде орналасқан сапаны қамтамасыз ету департаменттеріне жүгінуге құқылы.

– Жоғары сыныптарға медиасуат сабағы енгізілгені белгілі. Бұл бастама қандай

қолжетімді ақпаратты сыни бағалауды, өз ұстанымын қалыптастыру және дәлелдеуді үйренеді. Осы курстың бір бағыты медиасуаттылықты дамытуды көздейді. Қазіргі цифрлық, ақпараттық заманда бұл бағыт әр оқушыға өте қажет. Интернетті күнделікті пайдалануда пайдалы ақпаратты зиянды ақпараттан, шындықты фейк-тен ажырату дағдысын қалыптастыру оқушының функционалдық сауаттылығын арттырып қана қоймай, оның тәрбиесі мен дүниетанымына зор әсер ететіні де жеткізім келеді.

– Медиасуат сабағынан бөлек смартфонды қолдану әдеттері туралы қосымша тәрбие сағаттарын енгізуге бола ма? Өйткені телефонға телмірген жас буын өкілдері өмірін бос өткізуде. Телефонға тәуелділік қоғамдық мәселеге айналды. Осыған қатысты не айтар едіңіз?

– Біздің министрлік өткен жылы білім беру ұйымдарына және олардың аумақтарына әкелуге тыйым салынған заттардың тізбесін бекітті. Тізімге сәйкес, оқу сабақтарында, оқу орындарында ұялы байланыс құралдарын: пейджер, планшеттер, смартфондар, iPad, iPod, ойнатқыштар, модемдер пайдалануға тыйым салынады. Бірақ тыйым салумен ғана шектеліп қалуға болмайды. Бұл жерде мәселеге кеңірек қарау маңызды. Телефон, планшет орнына балаларға не ұсынамыз деген сұраққа жауап беру қажет. Бұл сұраққа ата-ана да, мектеп те жауап бере алуы керек.

Бала ерте жаспан өз отбасын, өз ортасын виртуалды ортамен алмастырып алмауы қажет. Бұл – кішкентай баланың психикалық ойлауына, жетілуіне аса қауіпті мәселе. Ата-ана үшін бұл жұмыс балаға дамытушы ойындар, қолдың ұсақ моторикасын дамытатын дұрыс ойыншықтар таңдаудан басталады. Өсе келе балалар цифрлық қоғамның құралдарын өздері пайдалана бастайды.

Әлеуметтік желілердің жастар санасына пайдалы әсерімен қатар кері әсері де аз емес. Бұзақылық пен психобуллиннің алдын алу бойынша мектеп психологтары да ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, құқық қорғау ұйымдарының өкілдерімен, жастар ұйымдарының көшбасшыларымен бірге мақсатты жұмыстар жүргізуі тиіс. Телефонды сабақ кезінде пайдалануға шектеу болғаны дұрыс. Өйткені оқушылардың зейінін тек сабақ тақырыбына бағыттау үшін телефондарды арнайы жәшіктерге, не орындарға қою мұғалім үшін де, оқушының өзі мен оның ата-анасы үшін де пайдалы болары анық.

– Министрлік «ақша студент сонынан жүреді» деген идея көтеріпті. Осы жоба туралы тарқатып түсіндіріп берсеңіз.

– Колледждердің қызметіне енгізілген басты жаңалық – оларға академиялық дербестіктің берілуі. Бұл жұмысты министрлік былтыр толық аяқтады. Бұрын министрлік колледждерге мемлекеттік стандартты, мамандықтар бөлінісінде оқу бағдарламаларын, оқу жоспарларын бекітіп беретін. Мамандар даярлаудың ерекшеліктері, өңірлік нарық сұраныстарының, әрі кәсіпорындардың қажеттіліктерінің әртүрлілігі бұл ұстанымның ескіргенін көрсетті.

Қабылданған заңнамалық, нормативтік шешімдердің арқасында биылғы оқу жылынан бастап барлық колледждер мен кәсіпорындар бірлесіп, мемлекеттік стандарт пен кәсіби стандарт негізінде мамандықтар мен біліктіліктер шеңберінде оқу бағдарламалары мен оқу жоспарларын, оқыту мерзімдерін өздері бекітті. Енді жергілікті атқарушы орган өңір қажеттілігіне қарай мемлекеттік тапсырысты бекітіп, тиісті қаражатты бөліп, қажетті бағдарламалармен қажетті мерзімде жұмысшы мамандарды даярлай алады.

Осымен бірге колледждерге қабылдау тәртібі де өзгерді. Бұл академиялық дербестікті енгізудің құрамдас бөлігі болып есептеледі. Министрлік «Ақша студентпен бірге жүреді» қағиаты бойынша мемлекеттік тапсырысты орналастыру және қабылдау рәсіміне өзгертулер енгізді. Егер бұрын мемлекеттік білім беру тапсырысын білім беру басқармалары орналастырған болса, енді мемлекеттік тапсырыс бойынша оқуға түсетін талапкерлер 4 колледжі және 4 мамандықты өздері тандайды.

Колледждерге қабылдау емтихандары да алынып тасталынды. Тек педагогикалық, медициналық және шығармашылық мамандықтар бойынша арнайы және шығармашылық емтихандары сақталды. Конкурс аттестаттың міндетті және бейіндік пәндерін бағалаудың орташа конкурстық баллы бойынша ақпараттық жүйе арқылы өткізіледі. Осылайша мемлекеттік тапсырыс талапкерлердің таңдауы бойынша колледждер арасында орналастырылады. Биылдан бастап қабылдау ережелеріне сәйкес кәсіпорындардың мақсатты тапсырысын іске асыруға мүмкіндік берілді. Жұмысшы және орта буын мамандарына сұранысы бар кәсіпорындар студенттерді өз талаптарына сәйкес таңдап, оларға тәжірибе базасын ұсына отырып, бағдарламаны колледждермен бірге жасап, жұмысқа орналастыру міндеттесін өзіне алады және оқуға қабылдайды. Бұл студент үшін, колледж үшін де, кәсіпорын үшін де өте қолайлы. Ал оның нәтижесі өңір экономикасын дамытуға, нарық сұранысын қамтамасыз етуге жағдай жасайды.



ның түбегейлі өзгерту деген сөз емес. Керісінше, педагогикалық қауымдастықтың ұсыныстары негізінде бағдарламаларды өңдеу жұмыстары жүргізіледі.

Айта кетер жайт, ағымдағы өзгерістер пәндер бойынша қайталауға, жаңа тақырыптарды бекітуге, оған тиісті зейін бөлуге, қиын тақырыптарды тереңдетуге, білім алушыға түсетін оқу жүктемесін төмендетуге, STEM білім беру тәсілдерін енгізуге, құндылықтарға негізделген білім беруге, жаратылыстану-математикалық пәндерді оқытуды күшейтуге, бейіндік бағыттарды ұстануға, оқу нәтижелерін реттеуге бағытталған. Өзгерістер осы бағыттарды қамтиды және оны дамытуды көздейді.

– Демек білім саласындағы жаңа реформалар оқыту жүйесінің мазмұны мен нәтижесін өзгертуге бағытталған дейсіз ғой.

– Иә, тұтастай алғанда, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының, оқу жоспарлары мен бағдарламаларының құрылымдық негіздері сақталды. Қойылған мақсаттар мен міндеттердің мазмұнына және күтілетін нәтижелеріне өзгерістер енгізіледі.

Қазіргі уақытта оқу пәндері бойынша оқу бағдарламаларының мазмұнын пысықтау бойынша жұмыс жүргізілуде. Арнайы мамандар мемлекеттік стандарттар және типтік оқу бағдарламалары бойынша әдістемелік нұсқаулықтар мен әдістемелік ұсынымдар дайындау үстінде.

Кестеге сәйкес пилоттық мектептер базасында бастауыш, негізгі орта және

қыркүйегінен бастап қазақ тілінде оқытатын 1-сыныптан тек бір тіл, 2-сыныптан бағдарламаға орыс тілі, 3-сыныптан бастап ағылшын тілі енгізілді. Оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін 1-сыныптарда қазақ тілі міндетті оқытылады.

– Бұған дейін мектеп директоры кезекпен педагогті қызметке қабылдау күзиретіне не болды. Қазіргі талап бойынша мұғалімдер арнайы конкурстан өтеді. Осы конкурстың өзі жең ұшынан жалғасқан жемқорлыққа әкеп соқпай ма? Қалай ойлайсыз?

– Мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагогтерін лауазымға тағайындауға конкурс өткізу тәртібі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің №57 бұйрығымен бекітіліп, биылдан бастап жүзеге асуда.

Шағын жинақталған мектептерді қоспағанда, барлық бос немесе уақытыша бос лауазымға мемлекеттік білім беру ұйымы конкурс өткізеді. Конкурсқа педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес келетін мұғалімдер қатыса алады. Жұмысқа қабылдау арнайы шарттар арқылы жүргізіледі. Ол бағалау парағында көрсетіледі. Әр конкурсқа қатысушы үміткер өз баллын өзі белгілейді. Конкурс қорытындылары бойынша шешімді конкурстық комиссия жинаған балл негізінде қабылдайды. Ең көп балл жинаған кандидат конкурстан өтті деп есептеледі. Кандидаттардың балл саны тең болған жағдайда конкурстық комиссия әңгімелесу, сұхбаттасу арқылы шешім қабылдайды.



Біздің министрлік өткен жылы білім беру ұйымдарына және олардың аумақтарына әкелуге тыйым салынған заттардың тізбесін бекітті. Тізімге сәйкес, оқу сабақтарында, оқу орындарында ұялы байланыс құралдарын: пейджер, планшеттер, смартфондар, iPad, iPod, ойнатқыштар, модемдер пайдалануға тыйым салынады.



сыпыру, мектептің ауласын тазалау сынды міндетіне кірмейтін жұмысқа тарту әлі де тыйымдалып келеді. Министрлік бұған қатысты қандай шара қолданып жатыр?

– «Педагог мәртебесі туралы» Заң қабылданғаннан бері біршама уақыт өтті. Заңның іс жүзінде іске асырылуының нәтижесін біз де, мұғалімдердің өзі де көріп те, сезініп те отыр. Мұғалімдердің басты қызметі – оқушыларға өз пәні бойынша сапалы білім беру. Сапалы білім беру үшін мұғалім үнемі өзін кәсіби тұрғыда жетілдіріп, дамытып отыруы керек. Ол педагогикалық әдістемелер мен технологияларды игеруге, пәндік курстардан өтуге, аттестациялаудан өтуге, біліктілік санатын жоғарылатуға, сабақтарды зерделеуге, өз тәжірибесін шындықта, әріптестерінің сабақтарына қатысып, кері байланыс жасауға, сабақтарды бірге жоспарлауға ұмтылуы тиіс.

Әрине, мұғалімнің кәсіби деңгейіне баға беру оның оқушыларының оқу жетістіктерімен тығыз байланысты. Сондықтан

қажеттіліктен туды және қаншалықты нәтижелі болуға?

– 2021-2022 оқу жылынан бастап 5-11 сыныптарға арналған үлгілік оқу жоспарының вариативтік компонентіне «Жаһандық құзыреттер» міндетті курсы енгізілді. Қазіргі таңда аталған курс жаһандандырудың қарқынмен дамып келе жатқан ықпалына, жедел әлеуметтік, экономикалық және технологиялық өзгерістерге, сондай-ақ мәдениет пен басқа да маңызды жаһандық мәселелерге бейімделе білуге байланысты енгізілді.

Құрстың мақсаты – жаһандық бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру. Жалпы «Жаһандық құзыреттерді» оқыту шеңберінде оқушылар әлемдік оқиғаларды, олардың себептері мен салдарын түсінуді, әртүрлі процестер мен құбылыстарды аналитикалық бағалауды, оларды ұлттық-мәдени құндылықтармен дұрыс байланыстыруды, маңызды проблемаларды жеке және жаһандық тұрғыдан қарауды, олардың өзара байланысын түсінуді,

Адам өмірінде сенімнің, діннің алар орыны орасан зор. Өйткені ұстанған дін, яғни басы бүтін иланған сенім адам өміріне - мән, ойына - жүйе, қайратына - жігер, келешегіне - бағыт беретін күш. Ал адамның болашағы оның жасаған таңдауына байланысты.

Бақытқа ЖЕТКІЗЕР ЖОЛ

Сенген дүниенің шындығымен туыс, ақиқатпен ағайындас болса, бақыттың ауылы іргелес болады. Адам ақиқат дінмен жүрсе, ой-өрісі кеңіп, ақыл-парасаты артады. Керісінше сенген және сүйенген нәрсең жалғандықпен тамырлас болса, адасу мен бақытсыздықтың жолдас болары даусыз. Мұндай жалған сенімнің жетегінде кеткен пенде қиял мен елестің арасында сансырап қалады. Сондықтан ақиқи дінді таба білу – ең үлкен мақсат. Бұл іс салғырттық пен немқұрайлықты көтермейді...

Хак дін Исламның орыны мен маңызы жөнінде сөз қозғамас бұрын, әуелі жалпы «дін» деген ұғымның өзін зерделесек, былай түйіндеуге болады: Дін дегеніміз – әр оқиға мен әр құбылыстың, яки барша өмірдің мәні мен мағынасы бар екеніне, оған мән мен мағына дарытып жаратқан құдіретті де мейірімді Иеміздің бар және бір екеніне деген сенім. Дін дегеніміз – сол ұлы сенімнен, шынайы дүниетанымнан туындаған парыз-міндеттерді іске асырған өмір сүру салты. Дін дегеніміз – Раббымызға жақындататын, Алла Тағаланың разылығын табуды үйрететін, екі дүниеде бақытқа жеткізетін негізгі заң. Шынайы дін – махаббатпен жаратқан Иемізді танытатын, пенде-адамнан тұлға адам қалыптастыратын, тобырдан текті ұлт жасайтын қасиетті ілім. Шынайы дін – бүкіл ізгілік ұстындарын бойына жиған, бақытқа жеткізер өмір жолы.

Адам баласы, ақылы бар тіршілік иесі ретінде, жаратылғалы әбәрі белгілі бір сенім-нанымсыз, яғни дінсіз өмір сүрген емес. «Дін» деген атты жамылған сенім-нанымдар өте көп. Бірақ Жаратушы қалай жалғыз болса, ақиқи діннің де солай жалғыз болатыны шындық. Ғалымдардың айтуынша, шынайы дін – барша тірлік, тұтас болмыстың заңдылығын түсіндіреді. Адам баласының таза, тұлға табиғатына сай келеді. Түпнұсқасы сақталған кітабы болады әрі ондағы ешбір қағида мен мәлімет сау ақыл мен сауатты ғылымға қайшы болмайды. Адамның ғұмырына – мән, жүрегіне нәр береді. Міне, осындай ұжданның талабы мен ақылдың сынына төтеп беретін, адами қажеттіліктерді толық өтейтін дін – ата дініміз Ислам ғана. Өйткені Ислам – ең алғашқы үкіміміз өзі «оқы» деген сөз болған білім діні. «Иман мен мейірім – егіз» деген мейірім діні, «артықшылық – тақуалықта, ар мен ақылда» дейтін әділет діні, Қиямет қайымға дейін өзгермейтін, Жаратушы тарапынан қорғалған толық дін. Ислам дінінің ақиқаты мен кемелдігін түсінген орыс халқының данышпан жазушысы Лев Толстой былай деп ой қорытады: «Әрбір саналы адамның ең соңғы табан тірер нүктесі – Ислам». Қасиетті Құранда бұл мәселе былай тұжырымдалған: «Алланың қасындағы шынайы дін – Ислам» («Әли Фимран» сүресі, 19-аят).

«Ислам» сөзі («мұсылман» сөзі де) – «силм» деген түбірден туындаған. Мағынасы «тыныштық, амандық, татулық, келісім, сенімділік, бойұсыну, сәлеметке жету, ықпал және шынайылық» деген ұғымдарды қамтиды.

ТАБИҒАТТЫ АЯЛАУ – АМАНАТ

Табиғат - жаратушы алланың адамзатқа берген ең үлкен нығметінің бірі нәм аманаты. Алла тағала табиғатты біздің физикалық өмір сүруіміз үшін ғана емес, сонымен бірге психологиялық әл-ауқатымыз үшін де жаратты.



Алла Тағала Құран Кәрімде былай дейді: «Ол – жердегі (яғни жердің асты-үстіндегі) бүкіл нәрсені сендер үшін жаратты. Содан соң (шексіз ілімін, қалауы мен құдіретін) көкке бағыттай, оны жеті қабат аспан етіп мінсіз жүйеге келтірді. Ол – барлық нәрсені толықтай білуші. Кезінде Раббың періштелерге: «Мен жер бетінде (үкім жүргізетін) халифа жаратамын», – дегенде, періштелер (танырқап): «Сонда жер бетінде бүлік шығарып, бұзақылық жасайтын және нақактан-нақак қан төгетін біреуді жаратасың ба?! Біз бір Өзіне үздіксіз мадақ нәм шүкірлік айтып, мінсіз, кемшілік атаулыдан ада нәм ұлы екенінді жар салып, бір Өзіңді ұлықтаудымыз ғой!» – деді. Сонда Алла оларға: «Расында, Мен сендер білмейтін қаншама жайттың қыр-сыры мен хикметін білемін», – деді» («Бақара» сүресі, 29-30 аяттар).

Демекбізді қоршаған сұлулықты: ағып жатқан өзенді, жасыл алқапты, ну орманды, биік тауларды және оларды мекен еткен жан-жануарды барынша қастерлеп, ғибрат алуымыз керек. Ағаштар мен өсімдіктерсіз әлемді елестетіп көріңіз. Оларды жердің үстінде шексіз созылған салқын жасыл желекке бір тамшы қосып, осындай шеберлікпен жаратқан Хақ Тағала. Алып емен ағаштарынан кішкентай бұталар мен шөптерге дейін біз тек тамақ, баспана және қорғаныс алып қана қоймай, көзімізді тыныштандыратын жиынтықты аламыз. Жасыл табиғаттың орнына, бәрі қонырқай жерде өмір сүрсек қалай болар еді? Өкінішті бүгінде адам осы күнді сыйлықтарды құртып жіберетіндей жеңіл-желпікүйде өмір сүреді.

Мұхит, теңіз, өзен, көлдерге де қараңыз. Бұл тек су ресурстары ғана емес,

Ислам – Жаратушы үкімдеріне бағыну әрі құрметпен қабыл алуы. Оған бас иіу арқылы амандық пен тыныштыққа келуді және осы игілікке бөлену үшін қажетті істерді атқаруды білдіреді. Ислам – Ұлы Жаратушы мен жеке адам арасын байланыстырады, адамның ішкі дүниесін тазартып, нұрландырады, мінез-құлқын кемелдендіреді. Ислам – қоғамдық қатынастарды реттейді, әділеттіліктің сақталуын қамтамасыз етеді. Ислам – адам мен басқа жаратылыс иелерінің арасындағы қарым-қатынасты жүйелейді.

Ислам діні – барлық қатынастар мен іс-әрекеттерде орта жолды уағыздайтын дін. Дүниеден безу, үйленбеу секілді істер тыйым салынған. Ислам әлемінде қоғамнан тыс өмір сүретін діни тап, оқшау құрылым қалыптаспаған. Әр адам жеке және кез-келген уақытта, кез-келген жерде Жаратушымен байланысып, құлшылық жасай алады.

Пенде қиялынан туындаған немесе түпнұсқасы бұрмаланған діндерде адам табиғатына қайшы келер жайлар көптеп кездеседі. Ал хақ дін Исламның үкімдері – адамның табиғатымен үйлесімді және осы себепті ол «табиғи дін» деп аталады. «(Ұа, Мұхаммед) Ханиф ретінде жүзінді Ислам дініне бұр. Алла жаратқан адам баласының табиғи болмысы сондай. Алланың жаратылысы еш өзгермейді. Осы түп-тура дін. Бірақ адамның көбі түссінбейді» («Рум» сүресі, 30-аят).

Ислам діні адамның дінін, ақыл-парасатын, тегін, өмірі мен мүлкін сақтайды. Мысалы, арақ және есірткіні харам қылу арқылы адам баласының ақыл-есін қорғайды. Өсек пен ғайбатты харам ету арқылы әр адамның ар-ожданы мен абыройын қорғайды. Зинаны харам етіп, адамның намысы мен ұрпағын, тектілігін қорғайды. Ұрлық, құмар, парак пен өсімге тыйым салып, мал-мүлкін сақтайды...

Ислам қоғамының мүшелері бір-біріне бауыр, ағайын болып есептеледі. Адамдардың нәсіл, ұлт, әлеуметтік мәртебе, шыққан тегі жағынан еш үстемдігі болмайды. Адамдар – тең дәрежелі, артықшылығы – иман мен амалда, рухани-адамгершілік қасиеттерде. Ислам діні жеке адамның құқығы мен бостандығына кепіл бере отырып, адамдардың ұйымдасып, бірлікте өмір сүруін қалайды. Негізгі мақсатының бірі – адамдар өзара сүйіспеншілікте өмір сүретіндей және әрбір адам бүкіл қоғамның бақыты мен ортақ мүдде үшін әрекет ететіндей әділетті қоғам құру.

Неміс халқының алыбы Гете: «Анау-мынау нәрсе туралы онды-солды ой толғау – қандай ақымақтық. Егер Ислам – Аллаға мойынсұну болса, біз бәріміз Исламда өмір сүріп, Исламда өлеміз», – деп ой қорытады. Яғни біз қалай қиялдасақ та, қандай ойдың жетегінде жүрсек те, Алла Тағала жаратқан әлемде, Жаратушымыздың назарында ғұмыр кешіп жатырмыз. Құдіретті де мейірімді Иеміздің бекіткен заңдылықтарының ішінде өмір сүрудеміз және барар жеріміз де – Жаратқанның алды. Осы ақиқатты ұғындыратын, тұтас болмыстың заңдылығын түсіндіретін ілім – Ислам. Екі дүниеде бақытқа жеткізер ереже мен жол да – Ислам. Бұл ақиқат қасиетті Құранда былай тұжырымдалған: «Кім Исламнан басқа бір дін іздесе, әсте одан қабыл етілмейді әрі ақыретте зиянға ұшырайды» («Әли Фимран» сүресі, 85-аят.) Яғни кең мағынасында Ислам – Құдайды бір деп тану әрі бойұсыну, жаратылыс заңдарымен үндес өмір сүру. Міне, осы жолдан басқа жол ізлеген зиянға ұшырайды...

Қарахан дәуірінде мемлекеттік дін болып қабылданған Ислам діні қазақ халқы өз алдына отау тігіп, Қазақ хандығы болып бөлініп шыққан кезден-ақ бірден-бір дін ретінде бекітілді. Қазақ халқының ой-жүйесі мен сөз киесі де, салт-дәстүрі мен тұрмыс-тіршілігі де Ислам өрісінде дамып, жетілді. Алла қаласа, Қазақ елі мұсылман мәдениетімен тамырлас, Ислам өркениетімен тағдырлас болып қала берері сөзсіз. Ендеше, осы Хақ дінді ұстанушы халықтың ортасында дүниеге келгенімізге, осындай имани дәстүрі бар ортада өскенімізге тағы да бір шүкір етейік, ағайын!

Алғадай ӘБІЛҒАЗЫҰЛЫ

ЕЛ ІШІНЕН ЕКІ СҰРАҚ

ИСЛАМ АҒЗА АУЫСТЫРУҒА РҰҚСАТ БЕРЕ МЕ?

Кейбір аурулар адам ағзасының жұмысын тоқтатып, оны ауыстырып салу қажеттілігіне әкеп соқтыруы мүмкін. Ағзаны ауыстыру (трансплантаттау) деп ағзаларды (ағзаның бөлігін), тіндерді (тінің бөлігін) ағзаның басқа жеріне немесе басқа ағзаға ауыстырып салу түсініледі. Бүгінгі күні бүйрек, бауыр, жүрек, өкпе, ұйқы безі секілді ағзалар трансплантаттанады.



Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «*Уа, Алланың құлдары, ауырмада емдейіндер! Себебі, Алла Тағала әрбір дертті шипасымен қоса жаратты. Шипасы жоқ дерт – өлім мен кәрілік*», – деген (Ахмад).

Мысыр пәтуа орталығы, Ислам конференциясы ұйымы жанындағы Фикһ академиясы және Кувейттің Дін істері министрлігі осы мәселеге қатысты пәтуа шығарған, онда: «Ағзаларды ауыстыруға тірі адамнан да, өлген адамнан да рұқсат етіледі. Алайда, қайтыс болған адамның ағзасын трансплантаттауға рұқсат беру үшін келесі шарттар орындалуы керек:


1. Ағзаны ауыстыру наукасты емдейтін жалғыз ғана жол екені жайлы білікті маманның шешімі;
2. Трансплантаттау ғана наука адамға көмектесетіні жайлы дәрігерлердің сенім білдіруі;
3. Ағзасын донор ретінде беретін адамның қайтыс болғанға дейін ағза-

сын өлгеннен кейін трансплантаттауға рұқсат беруі;

4. Ағза доноры медициналық әрі діни тұрғыдан да өлді деп жариялануы;
 5. Донорлық ағзалардың тауар секілді сатылуына тыйым салынуы;
 6. Наука адамның өз ағзасын ауыстыруға келісім беруі.
- Ал тірі адамның ағзаларын трансплантаттау үшін келесі шарттар орындалуы керек:
1. Донордың ағзасын алғанда оның денсаулығына зиян келмейтіні жайында білікті дәрігерлердің шешім шығаруы;
 2. Донор болған адамның белгілі ағзасын алу оның өміріне ешқандай қауіп төндірмей;
 3. Адамның ағзасын сауда тауарына айналдырмау, одан ешқандай пайда көздемеу шарт» делінген.
- Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы Ғұламалар кеңесі де 2015 жылы бұл мәселе туралы осындай пәтуа қабылдаған.

ДЕНЕГЕ ТАТУ САЛУҒА БОЛА МА?

Ежелгі грекия мен римде құлдарды, қылмыскерлерді белгілі татумен анықтаған. Азия, Африка және Америкада жабайы күй кешкен халықтар және тайпалар мүшелерінің денесіне түрлі ою-суреттер салатын болған. Қазіргі кезде жастар арасында денесіне инемен тесіп жазу немесе сурет (тату) салу сәні көң өтек алып келеді.



Тату – тері астына бояуыштарды ендіру жолымен салынатын адам денесіндегі жазу-суреттер. Ислам дінінде денесіне тату салуға тыйым салынады. Себебі Абдолла ибн Омардан (Алла оған разы болсын) жеткен хадисте: «Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өзіне және өзгеге шаш жалғанған, өзінің және өзгенің денесіне тату салған адамдарды лағынеттеді», – делінген (Бұхары, Мұслим).

Сонымен қатар бүгінде татудың бұлтартпас аса зиян екенін ғылыми-зерттеулер нәтижесі айқындап отыр. Мысалы, тәнге сурет салу құралы болып саналатын иненің таза болмауы және сурет салу студияларының жалпы санитарлық талаптарға сай емесітігі түрлі жұқпалы аурулар туғызады.

Екіншіден, бояулардың құрамына қорғасын, мышық және басқа да улы заттар кіреді. Олар адамды өте қауіпті түрлі обыр ауруларына душар етеді. Зиянды бояулар, тіпті адамның ген жүйесін бірте-бірте зақымдауы мүмкін. Адамдар татудың салдарынан тері обыры, экзема және аллергия ауруларына жиі шалдығады екен.

Демек денеге тату салу ұлтымыздың болмыс-бітіміне, түсінік-ұстанымына, дүниетанымына қайшы келумен қатар, әркімнің денсаулығына да қауіпті екенін жіті түсінуіміз қажет. Шариғатымызда әрбір саналы азамат өз басын және денсаулығын сақтауға аса жауапкершілікпен қарауға міндетті.

Алайда кейбір ғалымдардың көзқарасы бойынша мына жағдайларда ғана денеге жазу немесе сурет салуға рұқсат етіледі. Олар:

1. Ою және сурет денеге сіңіп тұрақты қалмауы, уақыт өте өшірілуі тиіс;
2. Жазба судың теріге тиюіне келергі болмауы шарт;
3. Ар-ұятсыз жазулар мен суреттер болмауы керек;
4. Суретте теріс ұрандар, жалған идеологияның немесе адасқан ағымның белгілері жазылмауы тиіс;
5. Сызбада тірі жанның суреті болмауы керек;
6. Денеге Алла Тағаланың есімдері немесе Құран аяттары жазылмауы тиіс;
7. Жазба әурет (ұят) жерлерге қолданылмауы шарт (Фәтуа шарғия, шейх Ахмад Шариф ан-Нәсәған).

Дайындаған
Хасан АМАНҚҰЛ

(Басы 1-бетте)

Мысалы, «Современник» журналы А.Пушкиннің бастамасымен 1836 жылы ашылған әдеби-публицистикалық журнал. Алғашында жылына төрт рет, 1843 жылдан бастап ай сайын шығып отырған журнал сол кездегі әдебиет пен жазба өнері, өзге де қоғамдық мәселелерді көтерген. Сондай-ақ Батыстан леп алған патшалық зиялыларының демократиялық ойларының дамуы да осы журналда көрініс тапқан. Сол секілді «Отечественные записки» журналы саяси, көркем әдебиет пен ғылымды бірге қамтыған. «Земледельческая газета» беттерінде ауыл шаруашылығы мен жер игеруге қатысты мақалалар, заң актілері және жәрменкелердегі ауылшаруашылық өнімдерінің бағалары мен өзгерістері жайлы жана ақпараттар берілген. Газет Егіншілік және мемлекеттік мүлік министрлігінің ресми басылымы саналған. Қазақ халқының жері кең болғанымен жерді тиімді игеру мәселесі ол кезде өзекті еді. Сондай-ақ хан ставкасында жәрменкелер мен алыс қалалардан келетін сауда керуендерінің алыс-берісін өте тиімді ұйымдастыру да маңызды болған. Яғни аталмыш газет ханның осы бағыттағы істеріне ақпараттық көмекші болғанын көрсетеді. Дәл осылай әр журнал қоғамдағы әр саланың жаңалықтары мен өзгерістерін ханға ақпараттандырып, өрісін кеңейтіп отырған. Әрине мұның бәрі ханның ел басқару ісіне тікелей әсер етері сөзсіз. Карапайым ел көрмегенді көріп, алдағы уақытты болжай білуге жол ашқан.

Күнделікті басылымдардан бөлек Жәңгір әртүрлі тілдегі ғылыми кітаптар жинаумен әуестенген. Парсы, түрік, араб, татар тілдеріндегі әдебиеттер Жәңгірдің кітапханасында «Шығыс тіліндегі кітаптар» деп берілген. Хан өмірден өткен кезде оның кітапханасында 212 шығыс тіліндегі кітаптар болған.

Жәңгірді патшалықтың ғылыми ортасымен не байланыстырды? Алдымен мұнда ханның ғылымға қызығушылығы мен өрісін кеңейтуге деген ұмтылысы жатыр. Жәңгір хан 1826 жылы Мәскеуде өткен I Николайдың тәж кию рәсіміне қатысып, қайтар жолда Қазанға ат басын бұрады. Қазанда жергілікті атқаміндерлермен жолыққан соң Қазан университетіне арнайы соғып, ректор Карл Фукспен бірге оқу орнын аралап, танысып шығады. Ханға шығыс тілдеріндегі кітаптар мен мұрағаты сақталған кітапхана ерекше ұнайды. Сол кезден бастап хан университетпен байланысын үзбейді.

Ханның академиялық ортамен байланысының екінші бір себебі – Жәңгір ғылымды дамытуға қажетті материалдық ресурстар мен қызметін аямады. Өйткені ол кезде казак немесе өзге де отар халықтарға патшалық Ресей шенділері мен зиялыларының тегін білім беруі немесе ғылыми жетістіктерді тастауы қиын еді. Оларға отар халықтардың қараңғылықта болғаны тиімді болды. Орыстың арасында

өскен хан мұны жақсы білетін. Сондықтан Жәңгір хан университет мүшелерімен, зиялы оқымыстылар мен тығыз байланыс орнатты.

Жәңгірдің батысшыл және діни келбеті оның зайырлы және исламдық бастамаларынан анық көрінеді. Ханның зайырлы өмірдегі ең үлкен жетістіктері ретінде денсаулық, білім беру, инфрақұрылым, диканшылық, мал шаруашылығы, сауда т.б салаларды айтуға болады. Жәңгір хан денсаулық саласы бойынша казак даласында алғаш рет егде егуді қолға алып, батыстық үлгіде білім алған дәрігер келіп, дәріхана жұмысын ұйымдастырды. Алғашқы дәріхана 1838 жылы ашылса, Қазан университетін бітірген А.Сергачев деген дәрігерді ордаға бас дәрігер ретінде тағайындады.

Дін мен

Жәңгір хан 1841 жылы ордада зайырлы білім беретін мектеп ашты. Бұл мектепте орысша және мұсылманша сабақтар қатар жүргізілді. Алғашында халық «шоқынды кетеді» деп балаларын мектепке беруге қорықты. Кейін халық аузында «Жәңгір мектебі» аталып, казак балаларын ғылымға бастайтын оқу орнына айналды. Көптеген казактың ғалымдары мен қоғам қайраткерлері осы мектептен түлеп ұшты.

Сауда саласы бойынша хан жәрменке сұйымдастыру және хан ордасын Ресей мен Орта Азия хандықтары арасында сауда көпірі ретінде орнықтыру жұмыстарын сәтті жүргізді. 1832 жылы сауда жәрменкесін ұйымдастыруға рұқсат алғаннан кейін жиі маусымдық жәрменкелер өткізді. «1833 жылы өткізілген жәрменкеге 562 971 бас мал жеткізіліп, 339 174 сомның тауары сатылды. Өзге елдерден мата, кант, шай, ыдыс-аяқ сияқты ордада өндірілмейтін тауарлар қойылды. Қазактың негізгі өнімі төрт түлік болғандықтан, оның денсаулығы мен жұтқа тап болмауы аса маңызды. Сол себепті хан білікті мал дәрігерлерін алдырып, ордадағы малдың саулығын бақылады. Ауылшаруашылығының тағы бір түрі жер игеруге келсек, хан сол кезде жер жұртатын және жер өңдейтін жана құралдарды ордаға алдыруға тырысты. Ал ханның инфрақұрылым бағытындағы жұмысы ретінде 1841 жылы пошта-телеграф байланысын орнатуын айта аламыз. Ол кезде пошта-телеграф байланыс жасаудың заманауи



ҒЫЛЫМДЫ ТЕН ҰСТАҒАН ХАН

жолы еді. Сондықтан хан байланыстың бұл түрін ордаға енгізу арқылы батыстың ғылыми игілігін игеруге үлес қосты.

Жәңгір батысшыл реформаторлық және Ислам дініне тигізген мол үлесі арқылы тарихта қалды. Дін жолында хан мешіт-медресе салу, діни кадрларды дайындау және шетелден алдырту, ел арасында діни құндылықтарды кеңінен тарату секілді бірнеше бағыт бойынша жұмыс істеді.

Жәңгірдің үлкен мешіті немесе «Ай белгілі ақ мешіті» 1835 жылы салынды. Хан мешіт салу ісінде бір мешітпен шектелмеді. Бұл жайлы патшалықтың отаршыл миссионері Е.Малов былай дейді: «1851 жылы Бөкей хандығында әр 170 үйге

бірден келетін 126 молда бар еді, Жәңгір ханға дейін молдалардың саны 15-тен көп емес еді. Ордадағы әр молдаға тиесілі (имамдық жасайтын) мешіттердің бар екендігі күмәнсіз. Келесі саны тек 30 жыл ішінде едәуір артты. Өйткені Жәңгірдің 1842 жылы абыройы артып жеке өзі мешіттер мен мектептер салуға бұйрық берген». Бұл жерде Е.Малов мешіттер мен молдалардың саны прапорциямен өсіп жатқанын меңзеп тұр. Дін мамандары алғашында татарлар болса, кейін жергілікті рулардан да молдалар мен дін адамдары шыға бастады. Деректерде Жәңгір хан тағайындаған 113 молданың аты мен қай рудың арасында жұмыс істегені нақты көрсетілген. Жәңгір ханның қол астындағы молдалар жайлы

арнайы зерттеу жүргізген Н.Сабырғалиева «1823 жылы билікке келген Жәңгір хан-мұсылмандықты қолдаумен қатар казак даласында халық ағарту ісін қолға алды. Аймақтағы татар молдаларының салмағын әлсіретуге бел буған Жәңгір хан казак балаларын зайырлы мұсылмандық ілімге тартты. Нәтижесінде қазантатарларының орнына әр рұға бірнеше казак молда тағайындады» деп, Жәңгір ханның казак молдаларына қолдау бдiргенiн айтады.

Жәңгір ханның қызметі мен Бөкей Жордасы жайлы зерттеу жүргізген А.Харузин «Киргизы Букеевской орды: антрополого-этнологический очерк» енгізінде: «Молдалар қырғыздар (казактар) арасында мұсылмандықты орнықтыруға бар күшін салды және бұл олардың қолынан келді. Оның үстіне оларды ханның өзі қолдап отырды» дейді. Өз кезегінде бұл ханның діни құлшылық пен Исламның дәстүріне берік болғанын, ел арасына білімді дін адамдарын өкеліп, діни ағартуды шындап қолға алғанын көрсетеді.

Жәңгір ханның діни және зайырлы білімді дамытудағы үлесін Бөкей ордасында туып, Жәңгір мектебінде білім алған Мұхамед-Салық Бабажанов: «...Соңғы уақыттарда Жәңгір Бөкеевті хан етіп тағайындағаннан кейін ғана, біздің оқуымыз айтпағандай кен түрде және жылдамдыққа алға басты. Осы ханның арқасында, оның қамқорлық көрсетуімен және басқа да қажеттіліктердің нәтижесінде Орда ішінде сауатты адамдар шыға бастады. Қаза болып кеткен хан оқушыларды және оқытатындарды сыйлауда ақшасын да, құшқуатын да, оқудың пайдалы екендігіне ордалықтарды жүгіндіруде ештеме де аяп қалған жоқ» деп аса жоғары баға береді.

Жәңгірдің көзі тірісінде діни қызметі патша билігі тарапынан аса сынға ұшырамады. Алайда хан өмірден өткеннен кейін оның діни-ағартушылық ісін патшалықтың отарлық саясатына қарсы жасалған жүйелі қорғаныс әрекеті ретінде бағалады. Яғни хан патшалыққа тікелей қарсы шықпағанымен халықтың шоқындып, діни мен тілін жоғалтпауы үшін ордадан мектептер мен медреселер ашты. Ал тілі мен дінін жоғалтпаған халық өз тәуелсіздігіне қол жеткізуге әрқашан ұмтылады. Өзге халықтың құрамына сіңіп кетпейді.

Қорыта айтқанда, Жәңгір ханның ғылым мен дінді қатар дамытуға казак халқының сауаттылығы мен рухани дамуына орасан үлес қосты. Ол келешек ұрпақтың жарқын болашағы үшін реформалар жасап, бар ынта-жігерін аямады. Оның игілігін бүгінгі ұрпақ көріп отыр. Әлі күнге дейін еліміз дінінен де, кең байтақ жерінен де айрылған жоқ. Сондықтан келер ұрпақтың болашағы үшін дінін де, білімін де өзіндік орны бар. Оларды біріне-бірің қарсы қою немесе бірін қоғамнан ысырып тастау келешегіміз үшін тиімсіз болмақ.


Бейбіт МЫРЗАГЕЛДИЕВ,
Жамбыл облысының бас имамы

(Басы 1-бетте)

Ескіден жеткен есті сөз, мысалы, Қажымұқан бабамыздыңда сал-серілігі, әншілігімен қатар емші-болжампаздық қасиеті де болған дейді. Ауыл адамдары балалары мазасызданса, оларды палуанға түкіртіп, алақанына аунатып алады екен. Қолына алып, білегіне жатқызып, етегіне аунатып бергендерінің көбісі құлан-таза сауығып кеткен көрінеді.

Қ.Мұнайпасов атындағы облыстық спорт музейінің экскурсия жетекшісі, палуанның шөпшегі Меруерт Ескермстін баяндауына, бірде Қажы «Мінәй (Палуанның Отырарда алған жары), бесіндіге дейін ауру баланы алып келеді, мені үйде жоқ дерсің» деп алды ала ескертті. Сонда әйелі «Палуан-ау, келгенді қайтармаушы едің ғой» деп танданысын жасырмайды. Айтқандай, күн бесіндіге ауғанда бала көтерген келіншек пен кейуана келеді. Мінәйға: «Шешей, немеренің ауырғанына аптадан асты, бетінің бері қарайтын түрі жоқ. Палуан жарықтық бізге шарапатын тигізіп, балама түкіріп берсе» депті. Палуан оларды қабылдамай, «Ауруханаға апарыңдар» деп шығарып салады. Қанша жалынып-жалбарынса да кемпірдің немересін қолына алмайды. Олар кеткен соң ұлы баба: «Ол бала бәрібір тірі қалмайды, кесел бойына сіңіп кеткен. Ертенгі күні «палуанға апарып едім, жазылмады, түкірсе де беті бері қарамады» дейді» деп дүрсе қоя берітті. Шынында да, бір-екі күн өткен соң Мінәй баланың шетінегенін естиді («Елімде болса – менікі, менде болса – елімдікі!»).

Тағы бір қызықты дерек мынау: Қажымұқанның үйіне Барыс (Барыс Доспанбетұлы Көбелеков Каспийдің шығыс жағалауында туып, жетім қалған соң теңіздің батыс бетіндегі Бақыда, балалар үйінде тәрбиеленді. 1935 жылы Мәскеудегі ауыл шаруашылығы институтының елді-тері саласын бітіріп, жоғары дәрежелі зоотехник мамандығын алды. Қазақстан үшін қарақөл шаруашылығын жана саласы еді. Тыңға түрен салғандай жолсыз, есіз, сусыз құмда ірі шаруашылықтар ұйымдастыру оңай шаруа емес) жиі-жиі келіп тұрған. Сондай бір сәтте Қажекен үстіндегі көйлегін шешіп беріп: – Барыс, келін босанғанда нәрестені осы көйлекке орап аларсыңдар, – дейді. Біреу емес, екеу емес, төрт бірдей баласы



Қайымның жеке архивінен

Қажымұқанның

ЕЛ БІЛМЕЙТІН ҚАСИЕТІ

етек астында шетінеген Барыс Қажекеннің бұл ойын жақсылыққа жорып, көйлекті қуана-қуана қабылдайды. Қажекен айтқандай, бесінші баласы Рақаты шыр етіп жарық дүниеге келісімен балуанның көйлегіне орайды, Рақат тірі қалады. Рақаттан кейін туған үш ұл, үш қызға да осы көдені қайталайды. Ал Қажекеннің көйлегі – Көбелеков отбасының ең асылы, киелі, баға жетпес мүсілі (Шілтерханов Ә, Шығармалары, III том).

Өз кезегінде Барыстың ат көтере алмайтын, жүріп-тұруы қиынға айналған карт балуанға мықты арба сатып беру оқигасын «Ордабасы оттары» газетінің 2005 жылғы нөмірінде жарияланған естелігінде онтүстікке мөлшүр жазушы Әдхам Шілтерханов былайша тарқатқан: «Ол кезде Барыс Шәуілдір кеңшарының директоры. Кеңшар болғанда

қандай – 1,5 миллион гектарды алып жатқан ұлан-ғайыр жер! Сыр бойының жетектен шақырымы мен Қарақалпақстанға дейінгі құм өңір!...

Ер-азаматтардың дені соғыста, ел кемпір шуақ күні. Отырар қолхозының бастығы Әйменов Әуездің үйіне сонау Қызылордадан Нартай келді. Отағасы мәрттік танытып, Қосаралға ондаған үй тігіп, Нартайдың жырын тыңдауға ауданның игі жақсылары мен барлық қолхозшыны шақырды. Кішігірім той болды. «Шәуілдір» кеңшарындағы Барыс пен Ақтөбедегі Қажымұқанға да хабар жіберді.

Нартайды тыңдауға жұрт көп жиналды. Киіз үйде аудан басшыларымен бірге қымыз ішіп отырған Барыс Қажымұқанды алдынан шығып қарсы

алды. Құшақтасып, амандасып, үйге қарай беттегенде Барыс:

– Қажеке, қалай шаршамай жеттіңіз бе? – делі. Қажекен былай жауап қатты: – Барыс шырағым, неге шаршайын, істепіп берген арбан тіпті жайлы екен. Қатын-баламды қасыма алып, жайғасып отырып, жақсы келдім, рақмет саған!

Жамырасып жатқан жұрт сөз аяғын жалғатпады. Бірақ Барыс Қажекеннің ишаралағанын қатесіз түсінді. Балуанға там салуға жәрдемдескені, жиі-жиі мал жіберіп тұрғаны болмаса, Барыс ешқандай арба жасатып берген емес. Қажекенді ат көтере алмайды, машина жоқ. Жүріп-тұрудың қиын екенін ең алғаш аңғарған Темір стансасындағы МТС-тің атақты ұстазы Қадыр еді. Өрт сөндіргіштің қоймада жылдап бос жатқан екі дөңгелегі мен біліктерін пайдаланып, Қажекене жақсы желдірме істеп берген. Балuan біраз жылдан бері сонымен жүреді. Желдірме берік, ыңғайлы. Айыбы – тар. Қасына қатын-баласын отырғыза алмайды. Ал қатын-баласын қидыруы тағы да қиын. Қартайған балуанға арнайы күтім қажет. Той тарқап, кеңшарға оралған соң, Барыс барлық тәуір деген ұстаны шақырып, Қажекене арба жасауға тапсырма береді. «Арбаның үсті жайдақ,

текемет-көрпе төсеп, ардақты кісі балашағасымен жайғасатындай кең, қасына барған адам отыра кететіндей жатаған, ең бастысы – берік болсын» деген талапты шегелеп айтты.

Торсығына қымыз толтырып, Мінәймен Айдарханның қасына отырғызып, Қажекен бүкіл Оңтүстік өңірін Барыс жасатып берген осы арбамен аралаған. Ауылындағы базарға барса да сол арбасына текемет салып, көрпе төсітіп, жардай болып отыратын жарықтық. Сол арбаның қадір-қасиеті Қажекен үшін «Мерседестен» де артық екенін қазіргі оқырманға ұқтыру қиын.

...Кезінде «Байғанин» кеңшарында Социалистік Еңбек Ері Қойлыбай Боқанов деген де кісі болған. Қойлекеннің Қаналы есімді кемпірі жасырақ кезінде көтерілмелі болып ауырыпты. Оны емдету үшін бір күні Қарақозыға (Қарақозының арғы ата-бабалары әуақ қонған, әулиелік қасиеттерімен аймаққа белгілі болған кожалар әулеті екен. Олар осы аймақтағы кожалардың үрім-бұтағы бүкіл Батыс Қазақстан өңірінің халқына ұран болған Бекет атаның нағашы жұрты Назар кожадан тартады) алып келеді (Өмірсерік Оразалин дерегі бойынша). Таныстық-білістік сұрасқаннан кейін:

– Е, қарағым, сен жауырыны жерге тимей өткен балауан Әли Балтанын жақын қарындасы екенсің ғой. Қорықпа, жазыласың, – дейді де, Қарекен үйдің ішіне саздан Әли Балтанын кабірін жасап, Қаналыны соның қасында екі күн тұндеті. Содан Қаналы сырқатынан құлан-таза жазылып кетіпті. Ауруынан айыққан Қаналы Ермағамбетке өкіл қыз атанады, Қарақозыға қарымдас болған екен.

Мұндағы айтпағымыз не? Бүгінгі «балауан» сөзінің мағынасы тарылғаны сонша, «спортшы» деген тар мәнге қуып тығылғандай көрінеді. Шынығында, кабір топырағының өзі дертке дәуір болса, онда оның мағыналық аысу болу әлдеқайда кең екеніне көз жеткізуге болады. Балuan руханилық және қасиеттілік, киелілік, шарапаттылық та мөңдерін үстеп тұр. Қажымұқан бабамыз және тағы қаншама біз білмейтін палуандар шоғыры осының жарқын мысалы және эталоны болуға әбден лайық. Тек оларды жіті тани берсек болғаны.

Абайлахан ҚАЛНАЗАРОВ,
мәдениеттанушы-лингвист

Тағдыр тәлкегіне мойымай, өмірін спортқа арнап, әлем таныған, қоғам қайран қалған мықты спортшыларымыз бар. Сол секілді көзі көрмесе де, Құранды толық жаттап алған «зағип қари» жайлы естүіңіз бар ма? «Мұнара» тілшісі сұқараңғы сырқатына ұшырап, бүгінде қос жанары бірдей көрмейтін қари Юсуф Құрманғазыұлымен сұхбаттасқан болатын.

Юсуф ҚҰРМАНҒАЗЫҰЛЫ:

ҚҰРАН ЖАТТАУЫМА ПАЙҒАМБАРҒА ДЕГЕН



МАХАББАТ СЕБЕП БОЛДЫ

— Құран жаттау қаншалықты қиынға соқты? Көзі көретін адамның өзі жаттағанда қиналады ғой...

— Умиджон ұстазбен әр аятты бірнеше рет қайталап жаттауға тура келді. Ол кісі оқиды, мен соны қайталаймын. Әсіресе сақау «з» мен «зәлді» тындаған кезде ажырату қиын, анық естілмейді. Сол секілді жаттаған кездегі түрлі қателерді қайта-қайта түзетіп, ұстазбен ұзақ отыратынбыз. 22 жасыма 2,5 парамен Шымкенттегі «Ықылас» қарилар медресесіне оқуға қабылдандым. Ол жерде Әлішер ұстаздың жетекшілігімен алты ай оқып, жаттаған Құран сурелерін 4 параға жеткізіп тоқтадым.

Бізге көзі көрмейтін адамға Құран үйрету методологиясы жоқ. Сол себепті медресеге барған кезде де ұстазым «соқыр адамға қалай Құран үйретем» деп уайымдап, ұйықтай алмаған кезі болыпты. Бірақ та менің тыңдау арқылы есте сақтау қабілетім бала кезімнен ерекше болатын. Мұғалім сабақ түсіндірсе, мен оны қайталамай-ақ, келесі сабақта өзіне айтып беретінмін. Үйде де кітапты өзім оқығаннан гөрі анама оқытып, тындап отырып жаттап алатынмын. Ойлап қарасам, Алла Тағала мені тыңдау арқылы Құран жаттауға сол кішкентай кезімнен дайындаған секілді.



— Юсуф қари, алдымен өзіңізді оқырман қауыммен таныстырып өтіңізші.

— Түркістан облысы Жетісай қаласының іргесінде орналасқан Құрбан ата ауылында дүниеге келдім. Балалық шағым осы ауылда өтті, орта мектебін бітірдім. 13 жасыма балалар мен жасөспірімдерде өте сирек кездесетін глаукома дертіне шалдықтым. Негізгі сұқараңғылық ауыр соққыдан болады немесе тұқым қуалайды. Бірақ менің әулетімде бұл ауруға шалдыққан өзім ғана және ауыр соққы да алмағанмын. Алла Тағаланың берген сынағы деп түсіндім. 2006 жылы 17 жасыма, дәл мектеп бітірер шақта көзім мүлдем көрмей қалды.

— Құран жаттауға қашан кіріскен едіңіз? — Атам молда болған еді. Сондықтан дін

ұстану, намаз, ғибадат — балалық шағымыздан таныс дүние. Балалығымыз бар өрі жол сілтеп, жөн көрсететін ешкім болмағасын ба, намазымызды әйтеуір білгенімізше оқып жүрдік. Кейін 20 жасыма Жетісай қалалық «Өткелбай» мешітінде Умиджон деген тәжік қари ұстаздан сабақ ала бастадым. Екеуіміз бірге отырып құран жаттап, қайталайтынбыз. Мен оған дейін де өзім үйде аудиокасета, дисктен тыңдау арқылы сурелерді жаттап жүрдім. Касетада «Духадан» бастап «Нас» сүресіне дейін болатын. Құлқпен есту арқылы жаттағандықтан, қателер көп болды. «Уад Духаны» «Уад Буха» деп, «Уәш шәмси уәддүхә» емес, «уәд-бухә» деп кәте айтып жүргенімді диск арқылы тындағанда білдім.

оқу ордасының магистратурасында 1-курсқа оқимын.

2000 жылдары көзім нашарлап алты рет ота жасаттым. 16 жылдан бері көзім толықтай көрмейді. Отбасын әлі құрмадым. Жақында ғана Тибеттен білім алып келген бір кісі досымның туғаннан бері құлағы естімейтін бауырын емдеп бергенін естіп, мен де қаралған едім. Дәрігер кісі көзімді емдеуге болатынын айтып үміт сыйлады. Қазір еш-шара бастап кеттік. Баршаныздан дұға етіп қоюларыңызды сұраймын.

— Қарилыққа талпынып жүрген бауырларыңызға қандай кеңес берер едіңіз?

— Бұл жөнінде менен көбі сұрайды. Көзім көрмесе де жаттап алғаным таңырқап, кеңес сұрап жатады. Мұндай жағдайда мен бір ғана кеңес айта аламын. Құран жаттап бастаған шәкірт ұстазының айтқанын орындау керек. Ұстазы қандай әдіс қолдана, сол бойынша жаттап шыққаны жөн. Басқа айтарым жоқ.

— Соңғы сұрақ болсын. Мотивацияны қайдан аласыз?

— Менің Құран жаттауыма қариларға берілетін жәннаттағы сый, дәреже жөніндегі Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Айша анамыздан (Алла оған разы болсын) жеткен хадисі себепкер болды. Адамзаттың асылымен жәннатта көрші болуды ойлап, соған деген махаббаттың күшеюі мені қари болуға талпындырды. Одан кейін құран жаттап жүргенде бастан өткен оқиғалар, өмірлік дәріс болған ұстаздардың сөздері мені алға жетелеп келеді. Шаршағанда, қиналғанда да солар есіме түсіп, қайтадан қалам басамын.

Медреседе оқып жүргенімде ұстаздарымыз он күнге ауылға демалып келуге жіберді. Сөйтіп бір күні ауылдағы үйдің алдында отырсам, жасы тоқсанның төртеуіне келген көрші ақсақал кіріп келді. Амандық-саулықтан кейін әкемді шақырайын деп тұра бергенімде: «Маған әкең емес, сен керексің. Мен үш айдан бері «Ясинді» оқып жаттадым. Бір аста отырып оқысам, маған бір молда оқығанымның кәте екенін айтты. Бұлай кете берсем, күнәһар болатынымды айтты», — деп маған сол сүрені тапсыруға келіпті. Ақсақалға құлақ салып отырып, «Ясин» сүресіндегі «мубинин» деген жерін ғана түсіндім. Өйткені аузында бір тісі жоқ, сол себепті оның Құран түгіл, қазақша сөзін дұрыс түсінбейсің. Әйтсе де сол ақсақал тоқсаннан асса да, бір сүрені жаттап алған. Көкісін түсініп, түзетуеге келіп тұр. Ендіше жап-жас болып бізге сылтау айту орынсыз болмақ.

Сұхбаттасқан Ермұрат НАЗАРҰЛЫ

Ислам – тазалыққа негізделген дін. Өйткені мұсылманның құлшылығы өзін таза ұстаудан басталады. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Тазалық – иманның жартысы», – деген хадисі арқылы мұсылмандарды тазалыққа жіті мән беруге шақырған. Тіпті намаздың дұрыс болуы үшін, денеміз, киіміміз және намаз оқитын жеріміз нәжістен таза болуы шарт. Егер тазалық дұрыс болмаса, намаз да дұрыс болмағаны.

Шұбаттан САБЫН ҚАЙНАТҚАН

Тазалық — мұсылман үшін ең маңызды амал. Қазак халқы «бірінші байлық — денсаулық» деп, денсаулықты күтуге қатты көңіл бөлгені белгілі. Міне, сол денсаулықтың мықты болуы тазалыққа қатысты екенін «тазалық — денсаулық кепілі» деген бір ауыз сөзбен білдірген. Алаш арысы Әлихан Бөкейхан «Тазалықтың іргесі — су мен сабын» деген. Шынында, біз күнделікті жуыну барысында су мен сабынды жиі қолданамыз. Алайда сабынға түрлі химиялық қоспалар қосылады. Соның ішінде шашқа майы қосылатынын біреу білсе, бірі бермейді. Мұндай майдан жасалған өнімнің пайдасы болмайтыны анық. Шашқа майы қосылған косметикалық өнімді пайдалану да дінімізде харам етілген. Сондықтан сабынды да қолданар алдында абай болған жөн.

Қазак халқында байырғы заманнан бері табиғи қара сабын қайнату қалыптасқан. Сабын жасаушы шеберлер әртүрлі хош иісті гүлдердің сығындысын қосып, сақардың өзін бірнеше рет шайқалтып



тұндыру арқылы иісті сабын жасаған. Біздің қазак қолдан жасаған сабынды «қара сабын», өндірістік тәсілмен алынған сабынды «ақ сабын», иісті сабынды «жұпар сабын» деп атаған. Атадан балаға мирас болып жеткен бұл іс бүгінде күн санап көмескіленіп, мүлде ұмыт болуға айналғаны жасырын емес. Алайда елімізде ескіні жаңғыртып өрі халал табиғи жолмен сабын жасайтын кәсіпкер бар. Ол — Талғар өңірінің тумасы Зейнегүл Кенесбекқызы. Оның өнімдерінің еш қоспасы жоқ сиыр мен қойдың майынан жасалатын, халал, табиғи «SAF» сабындар. Ол өз сабындарын осылай атайды. «Саф» сөзі табиғи таза деген мағынаны білдіреді.

Зейнегүл үйінде отырып тері ауруын емдейтін, шаштың түсуін тоқтататын, бет күтіміне арналған және денеге жұмсақтық пен тазалық сыйлайтын сабын түрлерін жасап шығарған. Ол бұл кәсіппен 2015 жылы декреттік демалыста отырған кезде айналыса бастапты.

«Негізінде сабын жасауға деген қызығушылығым ертерек оянды. Десе де бұл істі үйренудің сәті қырықтан асқан кезде бұйырды. Қытайдан көшіп келген қандас көршім қара сабын жасайтын. Қолқалап жүріп ол кісіден бұл істі үйретуін сұрадым» дейді ол.

Зейнегүлдің қызы Алма анасының көпжылдық тәжірибесінен кейін сабындын сапасы жоғары деңгейге көтерілгенін айтады: «Менің бала кезімде анам базардан түрлі сабындарды алып келіп, кесіп, ұнтақтап «асмр» жасайтын. Ол кезде «асмр» деген не екенін білмейтінмін. Сабындары ұсақ етіп тұрап, одан дөңгелек сабындар жасап шығаратын. Қалған сабынды жұқа етіп кесіп, өзіне коллекция жасап қоятын. Сосын күніне бір рет сол сабындарын ашып, қарап, иіскеп қайта салып қоятын еді. Бірақ ол кезде сабын жасау деген ананың ойында да болмаған. 13 жылдан кейін анам алғашқы сабынын ютуб желісіндегі видеонұсқаулықтарға қарап жасап көрді. Әрине, бастапқыда керемет бола қойған жоқ. Қаншама еңбек пен уақытын сарп етті. Ананың «SAF» сабындарын жасап келе жатқанына 7 жылдан аса уақыт өтті. Соңғы үш жыл ішінде сабын сапасы жақсы деңгейге көтерілді. Қаншама жылдық практика мен теория арқасында осы кәсіптен табыс тауып тұтынушылардан алғыс алып келеді».

Нәпақасын адал терімен тауып жүрген Зейнегүлдің жұмыс орны — өзінің үйі. Оның айтуынша, сабын жасау үшін бар

Қазак әдет-ғұрпында сабын қайнатқан әйел сыйлас абысындарына, келіндеріне арнап кішігірім сабынды бөлек орап береді, мұны «бауаушылық» деп атайды. Жұыла келе кішірейген сабынды «таусыншық» деп атайды. Сөз зергері ақын Абай бір өлеңінде қартайғанда адамның соңғы өмірін «таусыншақ өмір» деп бейнелеуі осыдан туған.

болғаны қазан, май және отып тері жеткілікті. Зейнегүлдің өнімдерінің ерекшелігі арасында қара зерден және шұбаттан жасалған сабындар бар. Тіпті шұбат сабынды жасау қара сабын жасаудан әлдеқайда жеңіл екен. Себебі оны қайнатпай, блендермен араластырса жеткілікті көрінеді. Қолданыста ешкінің сүтінен жасалатын сабындар бар екенін және оның көп сұранысқа ие болғанын байқап жүрміз. Себебі ешкі сүтінің құрамы зерттеліп, адам ағзасы мен терісіне пайдалы екені



ғылыми тұрғыда дәлелденген. Алайда түйе сүтіне қатысты мұндай деректі естіп көрмеген адамның қайсында болмасын «нәліктен шұбат сабынды таңдауым керек» деген сұрақ туындайтыны анық.

«Қара сабын жасауға машықтанып алғаннан кейін интернеттен сабынның басқа да түрлерін қарап көрдім. Табиғи жолмен ешкі сүтінен бөлек басқа да өнім жасағым келді. Қыздар беттеріне айран жағып жататынын байқадық. Шұбаттың да құрамында пайдалы нәрселер көп екенін сепіп, байқап көрмек болдым. Нәтиже ойдағыдай боп шықты. Бұл сабын денені жұмсартып, хош иіс береді» дейді Зейнегүл Кенесбекқызы.

Шұбат өзінің биологиялық құрамы бойынша тек нәрлі және дәмді азық қана емес, сондай-ақ А, В1, В2, С дәрумендерінің қайнар көзі. Мысалы, В1, В2 дәрумендері бойынша түйе сүті сиыр сүтінен асып түседі. «SAF» сабындарының ішінде еш сұранысқа иесі — қара сабын. Бұл елдік сабынды апаларымыз сүйек қайнатып, сексеуіл мен алаботадан жасаған. Зейнегүл апай тері ауруларына өте жақсы көмектесетін қара сабынды басқаларына қарағанда нарыққа көбірек шығарады.

Сонымен қатар, «SAF» сабынының иесі тұтынушылардың сұранысы бойынша соңғы 2-3 айдан бері жуынуға арналған «сидр» сабынын нарыққа шығарып жатыр. Халық арасында «Сидр — жын жоламайтын шөп» деген түсінік бар. Қандай сабынды қолдансақ та, жын жоламайтындай таза жүруіміз — Ислам құптаған істердің бірі. «Тазалық — әдептілікке, әдептілік — имандылыққа тәрбиелейді» дейді ұлылар. Сондықтан таза жүру — әрбір пенденің басты міндеті. Алла Тағала баршамызға төн мен жанның саулығын бергей!

Жанар ҒАРИФӨЛЛӘҚЫЗЫ

Munara logo and address: Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының ресми газеті. Меншік иесі: «Munara gazeti» ЖШС

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ: Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ (төраға) Ершат ОҒҒАР Кенжеәлі МЫРЗАБАЕВ Сансызбай ҚҰРБАНҰЛЫ Марат БЕКТАЗИНОВ Смайыл СЕЙТБЕКОВ Батыржан МАНСҰРОВ Нұрлан ҚАЙЫРБЕКОВ Жәнділла БЕКЖІГІТОВ Марат ЖАППАСБАЕВ Ерболат ЖҮСІПОВ Бақдәулет АБДРАХМАНОВ Төлеби ОСПАН Қуаныш СӘБИТ

Серікжан ЕНШІБАЙҰЛЫ Алтынбек ҰТЫСХАН Бейбіт ӘЛІПБЕКҰЛЫ Өмірзақ БЕКҚОЖА Болатбек ҰЛАСҚАНҰЛЫ Бахытбек ТӘЖІМБЕТ Әнуар ЕЛЖАНОВ Бақытжан ҚҰРАЛБАЙҰЛЫ Жолдас ҚОСПАҚҰЛЫ Хамзат ҚАЖЫМҰРАТУҰЛЫ Еркебулан ҚАРАҚҰЛОВ Мадияр ПІРІМҚҰЛОВ Еркем МҰҚАТАЙ Асқар МҰҚАНОВ Алмас ДАНАҒҰЛОВ Елдос ЖҰМАДІЛДА

Директор – Мұрат МАНАПҰЛЫ Бас редактор – Серікбол ХАСАН Шеф редактор – Ағабек ҚОНАРБАЙҰЛЫ Шариғи редактор – Хасан АМАНҚҰЛ Жауапты хатшы – Елдар ҚАБА Фототілші – Қайсар ТҮРЛЫБЕКОВ

Редакцияның мекенжайы: Нұр-Сұлтан қаласы, Қарасаз, 3 «Munara» газетінің редакциясы Пешта: munara@muftayat.kz Телефон: 8 (7172) 999866 Жазылу индексі: 64747 Газет айына 2 рет шығады Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 08.10.2019 жылы тіркеліп, №KZ26VPP00015760 куәлігі берілген.

«Munara» газеті редакциясының компьютерлік орталығында беттелді. ТАРАЛЫМЫ – 30 000 Тапсырыс: №72 Алматы қаласы, Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй, «Дәуір» РПБК ЖШС Тел: 8 (727) 273-50-53 Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Басылымда Алла Тағаланың есімі мен Құран аяттары жазылғандықтан, газетті аяқасты етпеулеріңізді сұраймыз.